# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 27 (1186)

12.07.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


МӘДЕНИЕТ

# ЖЕКЕ ТЕКТІК МҰРАНЫ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВ ҒИМАРАТЫНДА «ТАРИХ. ТҰЛҒА. АРХИВ» АТТЫ ТАҚЫРЫП АЯСЫНДА ТЕКТІК ҚОР ИЕЛЕРІ МЕН ӘЛЕУЕТТІ ҚОР ҚҰРУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.***




Дөңгелек үстелге қатысушы жеке тектік қор иелері, мемлекеттік архивтің қызметкерлері мен БАҚ өкілдері әуелі еліне еңбегі сіңген атақты тұлғалардың шығармашылығынан тізілген құжаттар көрмесімен танысты.

Шара аясында Жетісу облысының мемлекеттік архивінің бас директоры Гүлжихан Жұмаханқызы сөз алып, жиынның негізгі мақсатына тоқталды.

*– Басқосудың мақсаты – жеке тектік құжаттарды зерттеу, атақты адамдардың өмірі мен қызметіндегі тарихи факторларын зерделеу, қазақ ұлттық интеллегенциясының қалыптасуына, ғылымның дамуына маңызды үлес қосқан тұлғалардың жеке және отбасылық өмірін зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. Болашақ ұрпаққа осы құжаттардың негізінде жеке қор иелерін таныстыру және насихаттау болып табылады.*

Шарада аға буын өкілдерінің еңбек жолы мен ұрпаққа өшпес мұра қалдыру жайы талқыланды. Сонымен қатар, ұйымдастырушы тарап болашақта Жетісу жеріне еңбегі сіңген ақын-жазушы, өзге де мәдениет қайраткерлерінің құнды құжаттарын тарихтың көзі ретінде сақтауды ниет ететінін баян етті.

Қатысушылар қатарынан жеке тектік қор иелері «Жетісу» газетінің тілшісі, өлкетанушы Қажет Андас, ақын, композитор Төлеужан Нүсіпжанұлы, І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайының директоры Әли Демегенұлы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» Жұматай Шонкенқызы, Қазақ журналистикасының қайраткері Болатбек Бисұлтанұлы, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері Оразгүл Хасенқызы жүрекжарды ойларын ортаға салса, Б. Римова атындағы Талдықорған қалалық қазақ драма театрының жоғары санаттағы әртісі Алмахан Нұрпейісқызы, «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Айтақын Бұлғақов, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Әміре Әрін өз пікірлерін білдіріп, тектік қорға әдеби мұраларын тапсыратынын айтты.

Шара соңында қатысушылар бір-бірімен сұрақ-жауап алмасып, архив құжаттарының сақталуы, жеке тектік қорға өтініш қалдыру, құжаттарды есепке алу жұмыстарымен танысты, архивке экскурсия жасалды.

**Г. ЕРМҰХАНҚЫЗЫ.**


## БАСПАСӨЗ - 2024

**«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда**

***ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:***

редакция арқылы
**1 жылға – 3640 теңге.**
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
**1 жылға – 4477,20 теңге.**
ауыл тұрғындары үшін
**1 жылға – 4700,80 теңге.**

**Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»**

***ЦЕНА ПОДПИСКИ:***

с редакции
**на год – 3640 тенге.**
для города областного значения через "Казпочту"
**на год – 4477,20 тенге.**
для сельского населения
**на год – 4700,80 тенге.**

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ

# ЖАҢА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ



**САРҚАН АУДАНЫНЫҢ ЧЕРКАССК АУЫЛЫНДА ЖАҢА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ. БҰРЫН БЕЙІМДЕЛГЕН ҒИМАРАТТА ОТЫРҒАН МЕДИЦИНА МЕКЕМЕСІ ЕНДІ ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖАСАЛҒАН ЖАҢА ОРЫНДА АУЫЛДЫҢ 2 500-ГЕ ЖУЫҚ ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ.**

Нысанның салтанатты ашылуына Черкасск ауылдық округінің әкімі Мақсат Айтжанов пен Сарқан аудандық орталық ауруханасы директорының орынбасары Біржан Уаханов қатысып, ауыл тұрғындарын қуаныштарымен құттықтады.

Сарқан аудандық әкімдігінің мәліметіне қарағанда, жаңа нысанның құрылысына 70 млн. теңге қаржы жұмсалған. Блокты-модульді құрылысты «ШеберМеталл» ЖШС 2023 жылдың қарашасында бастап, осы жылдың шілдесінде аумағы 240 шаршы метрлік жаңа амбулаторияны пайдалануға берді. Бұған дейін ауылдық дәрігерлік амбулатория мектептің бастауыш сыныбына арналған ескі тұрғынжайында, яғни санитарлық нормаға сай емес бейімделген ғимаратта отырған болатын.

Жалпы Черкасск ауылында 2448 адам тұрады. Жаңа ғимаратта халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуге барлық жағдай жасалған. Дәрігерлік амбулатория жалпы күніне 60 адамды қабылдауға қауқарлы. Сол сияқты 5 адамға лайықталған күндізгі стационар да қарастырылған. Мұнда 3 дәрігер, 9 орта буын қызметкері, 1 кіші буынды және 2 басқа да қызметкер жұмыс істейді. Ауыл тұрғындары үшін педиатриялық, терапевтік, акушерлік, стоматологиялық көмектер көрсетіледі. Ғимаратта дәрігерге дейінгі қарау кабинеті, сау балалардың кабинеті, екпе, процедура, дезинфекция, зертхана бөлмелері, арнайы дәрігерлер кабинеттері бар. Сол сияқты қажетті құрал-жабдықтар, соның ішінде стерильді құралдарға арналған уфо камера, зертханалық талдауларға қажетті аппараттар толықтай орнатылған.

Амбулатория меңгерушісі Сәлима Өтеулинованың сөзінше, жаңа заманғы технологияға сай жабдықталған амбулаторияда арнайы талдама кабинеті бар. *«Осындай қажетті мүмкіндіктер жасалған, материалдық-техникалық базасы бар жаңа ғимарат медициналық қызмет көрсету сапасының артуына ықпал етеді деген сенімдемін»,* – дейді С. Өтеулинова.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

БРИФИНГ

# ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА

***Ауыл шаруашылығы саласындағы ең өзекті, күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі – шегірткеге қарсы күрес жүргізу.***

Егіс алқабын жайпап жатқан бұл жәндік Жетісу облысын да айналып өтпеді.

Шегірткe тектес зиянкестерге қарсы күрес бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясының басшысы Саят Сақмолдин және республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы облыстық филиалының басшысы Бақберген Атантаев Журналистер үйінде өткен брифингте мәлім етті.

Баспасөзге мәслихатында белгілі болғандай, биыл шегірткe тектес зиянкестерге қарсы 109, 416 мың гектар жерде химиялық өңдеу жұмыстары жоспарланған.

*«Химиялық өңдеу жұмысларын «Авиасила» ЖШС 4 ұшақ, жер үсті бүрку тәсілімен «Защита растений - К» ЖШС 7 жер үсті бүріккіш және жеке кәсіпкер «Бағжан» 7 жер үсті бүріккіш техникаларымен атқаруда. Аса қауіпті зиянкестердің ішінде облысымызда ауыл шаруашылығына ең қауіптісі – шегірткe тектес зиянкестер (Азиялық шегіртке және Итальяндық прус). Жалпы алғанда шегірткенің жаппай таралып, ауыл шаруашылығы жерлеріне айтарлықтай зиян келтіруі көптеген факторға байланысты. Атап айтсақ, көп жылдық талдау негізінде, даму ерекшеліктеріне байланысты шегірткe тектес зиянкестердің жаппай таралуы әр 10-12 жыл ішінде байқалады. Сол кезең қазіргі уақытқа келіп тұр. Сондықтан қаншалықты қиын жағдай қалыптасса да, ауыл шаруашылық жерлерін шегірткe тектес зиянкестерден қорғап қалуға барлық жағдайды жасауға міндеттіміз»,* – дейді жауапты мамандар.

Жетісу облысы бойынша жоспарланған 109 мың гектардың 108 мыңы өңделгенін де тілге тиек етті.

Облыс әкімінің Өкіміне сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспары бойынша жергілікті атқарушы органдар шегірткe тектес зиянкестерге қарсы күрес шараларын ұйымдастыруға белсенділік танытып, қомақты үлесін қосып отыр. Атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде облыс көлемінде ауыл шаруашылық егістіктер, шабындықтар мен жайылымдарға шегіртке тектес зиянкестерден зиян келгені анықталмады.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

МЕДИЦИНА

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МӘМС-КЕ ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА САҚТАЛАДЫ?

***АЗАМАТТАРДЫҢ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУҒА ТӨЛЕГЕН ЖАРНАЛАРЫ МЕН АУДАРЫМДАРЫ ҚАЙДА САҚТАЛАТЫНЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАЛАТЫНЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ЖИІ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ. ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ОҒАН ТОЛЫҚ ЖАУАП ДАЙЫНДАДЫ.***

Барлық жарна мен аударымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің арнайы шотына түседі, ал сол жерден халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңда (21-бап) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры инвестициялық қызметі Қордың активтерін (МӘМС қаражатын) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асыратыны көрсетілген. Бұл ретте Қор мен Ұлттық Банк арасында сенімгерлік басқару шарты жасалды.

Ол қалай жасалады? Ұлттық Банк артылған ақшаны (МӘМС есебінен көрсетілген медициналық қызметтерге төленгеннен кейін қалатын ақша) қаржы құралдарының бекітілген тізбесіне сәйкес қатаң түрде бағалы қағаздар мен депозиттерге орналастырады. Бұл инвестициялық табыс алуға, яғни МӘМС жүйесінің жинақталған активтерінің сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Олар өз кезегінде тек медициналық қызметтерге ақы төлеуге бағытталады және Қордың қажеттілігіне жұмсалмайды. Осы ретте Қор МӘМС қаржысын өз еркімен орналастырмайды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2017 жылдан бері жинақталған МӘМС активтерінің қалдығы 933 млрд теңгені құрады.

2024 жылдың төрт айында Қорға 441 млрд. теңге МӘМС жарналары мен аударымдар түсті, оның ішінде 42 млрд. теңге сомасына инвестициялық табыс алынды. Бұл ретте медициналық көмекке ақы төлеуге жұмсалған шығыстар 354 млрд. теңгені құрады. Осылайша, 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қор активтерінің қалдығы – 1020 млрд. теңге.

Ұлттық Банк МӘМС активтерінің бұл қаражатын Ұлттық Банктің қысқа мерзімді депозиттеріне (медициналық көмектің ағымдағы төлеміне жіберіледі) 171 млрд. теңге, орта және ұзақ мерзімді облигацияларға 108 млрд. теңге және мемлекеттік бағалы қағаздарға 741 млрд. теңге сомасында орналастырды.

Бұл жүйеге және пациенттерге қандай мүмкіндіктер береді?

2023 жылы алынған инвестициялық табыс 113 млрд. теңгені құрады, яғни МӘМС пакетінің бюджетіне қосымша 113 млрд. теңге түсті. Айта кету керек, 2022 жылмен салыстырғанда инвестициялық кіріс 1,6 есе өсті. Бұл қаражат МӘМС-тің қалған активтерімен бірге 2024 жылдың басында медициналық ұйымдармен 2024 жылға жасалған шарттар бойынша 30% мөлшерінде аванс төлеуге бағытталды.

МӘМС қаражатын тиімді сақтаудың бұл тетігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманы бекіту кезінде қаланды және жүйенің активтерін, оның ішінде жыл сайын көрсетілетін медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға және қазақстандықтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Айта кетерлігі, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржы-шаруашылық қызметі және МӘМС активтері бойынша жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық есептілік ҚР Қаржы министрлігінің депозитарийінде және Қордың ресми сайтына орналастырылады.

Сондай ақ Қор ҚР Үкіметінде және ҚР Үкіметінің шоғырландырылған есептілігі шеңберінде ҚР Парламенті депутаттарының алдында үнемі есеп береді.

**ӘМСҚ КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының баспасөз қызметі.**

Алатау

Кабанбай батыр кошесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

# ЗАКОН, ЗАПРЕЩАЮЩИЙ ГОССЛУЖАЩИМ ИГРАТЬ В АЗАРТНЫЕ ИГРЫ

**КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОН О ВНЕСЕНИИ ДОПОЛНЕНИЙ В ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ ПО ВОПРОСАМ ИГОРНОГО БИЗНЕСА И ЛОТЕРЕЙНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА АКОРДУ.**



Главой государства подписан Закон "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам игорного бизнеса, лотерейной деятельности, охраны здоровья, государственной инспекции труда, государственного контроля и исключения излишней законодательной регламентации".

Как сообщает Акорда в Telegram-канале, законом внедряются ограничительные и стимулирующие нормы, направленные на снижение игровой зависимости населения. Так, расширен список лиц, которым запрещается участие в азартных играх/пари. К их числу дополнительно отнесены лица, состоящие в Едином реестре должников (электронный банк данных, содержащий сведения о должниках по исполнительным производствам). Ограничено участие лиц, занимающих ответственную государственную должность, уполномоченных на выполнение государственных функций, лиц, приравненных к ним, в азартных играх/пари посредством введения антикоррупционного ограничения по участию в них.

Теперь госслужащие, военнослужащие, сотрудники специальных и правоохранительных органов, руководители бюджетных организаций также не смогут участвовать в азартных играх/пари. За несоблюдение ограничения предусмотрено их увольнение. Усилены механизмы регулирования деятельности организаторов игорного бизнеса. Министерством туризма и спорта будут утверждены типовые правила работы игорного заведения, букмекерской конторы, тотализатора, приема ставок и проводимых азартных игр/пари, которым должны соответствовать правила субъектов игорного бизнеса. Установлены ограничения по рекламе букмекерских контор и тотализаторов.

Запрещена наружная (визуальная) реклама букмекерских контор и тотализаторов, их реклама на транспортных средствах, в масс-медиа, кино, видео и справочном обслуживании. Исключение составляют: наружная реклама в месте расположения букмекерской конторы или тотализатора; внутри спортивных сооружений и на экипировке спортс-менов; реклама в зарегистрированных СМИ, со спортивной тематической направленностью, а также при прямой трансляции отечественными телеканалами международных спортивных соревнований.

Обновлены механизмы регулирования лотерейной деятельности. В частности, введен запрет на распространение лотерейных билетов и установку лотерейных терминалов в жилых домах, общежитиях, культовых зданиях, зданиях и сооружениях организаций культуры, а также в социальных объектах (образования, здравоохранения), в том числе в радиусе ста метров от них.

Для защиты здоровья подрастающего поколения от последствий потребления энергетических напитков вводится запрет на их реализацию лицам в возрасте до 21 года. Текст Закона публикуется в печати.

Сегодня Касым-Жомарт Токаев также подписал Закон Республики Казахстан "О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях". Текст Закона публикуется в печати. В начале июня сообщалось, что в мажилисе приняли поправки по игорному бизнесу и лотерейной деятельности, в том числе поправки вносятся в Кодекс об адмнарушениях.

Отмечалось, что принятые мажилисом поправки предусматривают запрет на участие в азартных играх и пари для некоторых казахстанцев, в том числе для тех, кто еще не достиг 21 года, а также тех, кто включен в единый реестр должников с неисполненными обязательствами по исполнительным документам об имущественных взысканиях. В список тех, кому запрещено играть в азартные игры, согласно документу, войдут также госслужащие и военнослужащие. Сообщалось также, что рекламу букмекерских контор и тотализаторов запретят в Казахстане.

Добавим также, что 15 марта на заседании Национального курултая Касым-Жомарт Токаев высказался о проблеме лудомании. Он заявил, что правительству нужно утвердить план борьбы с этой проблемой в Казахстане. В июне прошлого года о ситуации с лудоманией говорили в МВД. Экс-глава ведомства Марат Ахметжанов отмечал, что расходы казахстанцев на азартные игры продолжают расти.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РК

***ВО ИСПОЛНЕНИЕ ПОРУЧЕНИЯ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА УТВЕРЖДЕН КОМПЛЕКСНЫЙ ПЛАН РАЗВИТИЯ СЕЙСМОЛОГИЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ НА 2024–2028 ГОДЫ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.***

# КАК КАЗАХСТАНЦЕВ ЗАЩИТЯТ ОТ СИЛЬНЫХ ЗЕМЛЕТРЯСЕНИЙ



Соответствующее постановление правительства подписал премьер-министр РК Олжас Бектенов.

*«Документ предусматривает реализацию широкого круга мер по укреплению сейсмологической безопасности страны. В их числе значительное усиление мониторинга, обеспечение сейсмостойкости зданий и сооружений, внедрение новых цифровых технологий, повышение уровня подготовки кадров и т. д.»*, – отметили в пресс-службе правительства.

Будет разработано 15 карт сейсморайонирования, что позволит прогнозировать 70% очагов землетрясений в сейсмоопасных регионах страны. Они также станут основой для проведения паспортизации зданий и сооружений на этих территориях и разработки новых строительных норм.

Паспортизация даст возможность выявить наиболее уязвимые строительные объекты, по отношению к которым будут в первую очередь применены меры по снижению сейсмического риска эксплуатации. Среди них: сейсмоусиление, защита или вынос ценного оборудования, изменение назначения и др.

Предусматривается также установка 285 сейсмических станций, а также ремонт и оснащение имеющихся 70 станций. Это позволит производить качественный прогноз сейсмоопасности в Алматинской области и иных подверженных риску регионах страны. В свою очередь будут оперативно приниматься необходимые меры реагирования.

*«Кроме того, планируется усилить контроль за строительством и функционированием зданий, улучшить методы мониторинга, обеспечить специалистов в сфере сейсмологии современным оборудованием и техническими средствами. В целом, в результате реализации Комплексного плана должен существенно повыситься уровень защищенности граждан, сооружений и инфраструктуры на сейсмоопасных территориях. Также будет усовершенствована система реагирования со стороны госорганов и профильных организаций при возникновении землетрясения»*, – резюмировали в правительстве.

Сейсмические районы территории Казахстана занимают порядка 40% от общей площади республики. Высокому потенциалу сейсмической опасности подвержены территории городов Алматы и Шымкента, Алматинской, Жамбылской, Кызылординской, Туркестанской, Восточно-Казахстанской, Абайской и Жетысуской областей.

ХОРОШИЙ НОВОСТЬ

# ТРОЙНЯШКИ ПОЯВИЛИСЬ НА СВЕТ В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Первая тройня в этом году появилась на свет в Акмолинской области. 3 июля в перинатальном центре многопрофильной областной больницы родились один мальчик и две девочки, передает ИА El.kz со ссылкой на акимат региона.**



Первый ребёнок – мальчик весом 2 килограмма 377 грамма, ростом 46 сантиметров, второй ребёнок – девочка весом 2 килограмма 43 грамма, ростом 44 сантиметра, третий ребёнок – девочка весом 2 килограмма 221 грамм, ростом 44 сантиметра.

Многодетная мама – Макпал Жунусова проживает в селе Гранитное Зерендинского района с мужем и тремя детьми. Теперь их семья стала больше ещё на троих малышей.

Врачи рассказали о состоянии мамы и малышей. На данный момент их состояние удовлетворительное. Все они находятся в палате пробуждения. Медицинским персоналом осуществляется помощь в уходе за новорожденными и грудном вскармливании.

*«Операция проведена в штатном режиме, с детками все хорошо, с мамой тоже все замечательно. Операция длилась 41 минуту, без каких-либо отклонений. Состояние матери удовлетворительное. Она находится в палате пробуждения после спинальной анестезии, чувствует себя замечательно, все параметры в норме»*, – отметила акушер-гинеколог перинатального центра многопрофильной областной больницы Ангелина Корнилова.

Врачи перинатального центра проведут все обследования и консультации, а также окажут всю необходимую помощь.

К слову, по информации управления здравоохранения Акмолинской области, рождение тройняшек в регионе явление довольно редкое. Последний раз тройня рождалась в 2022 году. За пять месяцев 2024 года в регионе на свет появилось 4 тысяч 449 детей. Из них 36 двойняшек, то есть 72 ребёнка.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЗЕКЖАРДЫ

# ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

***МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕРГЕ ҚУАТТЫЛЫҒЫ 700 МЕГАВАТТ БОЛАТЫН ҚОСАЛҚЫ СТАНСАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖЕДЕЛДЕТУДІ МІНДЕТТЕГЕН-ДІ. ОНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ ҚАЛАЛАРДЫ ЛАСТАНУДАН ҚҰТҚАРУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ, БЮДЖЕТТЕН ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНГЕН ҚАЛАНЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫН БАЯУЛАТПАУ. «2019 ЖЫЛЫ «САРЫАРҚА» ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕГІ АЯҚТАЛДЫ. ӘКІМДІКТІҢ МІНДЕТІ – 300 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ТҰРАТЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ГАЗ ТАРТУ. ҚАЗІР ТЕК 8 МЫҢ АБОНЕНТ ҚАНА ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ. ГАЗДАНДЫРУДЫҢ БАЯУ ҚАРҚЫНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЭКОЛОГИЯ НАШАРЛАП ЖАТЫР. АЯЗДЫ КҮНДЕРІ ҚАЛАНЫ ҚАЛЫҢ ТҮТІН БАСАДЫ», – ДЕДІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ.***



Бұл жағдайды тез арада өзгерту керек деп Үкімет пен әкімдік газдандыру жұмыстарын күшейтіп, мерзімінде аяқтауды «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, елорданы қажетті көлемдегі газбен қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсырған-ды. Сондай-ақ, Республика бойынша көгілдір отынға қол жеткізу үшін азаматтардың газ кіргізу құны да арзан емес (екі миллион теңге). Бұл жағдай барлық аймақта қалыптасқан. Сондықтан бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне Үкіметпен бірлесе отырып халық үшін газды қосу бағасының ашық әрі түсінікті болуын қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырған болатын.

Жетісу өңірін газдандыру жұмысы экс әкім Серік Үмбетовтің тұсында басталып, мұны Аңсар Мұсаханов жалғастырды, Амандық Баталов ары қарай қолға алған болатын. Алайда, газдандыру жүйесі әлі жалғасып келеді. Шалғай аудандарды айтпағанда облыс іргесіне тиіп тұрған Текелі қаласын газбен қамту биылғы жылдың аяғында аяқталады деп күтілуде. Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше қаланың сыртындағы саяжайларға әлі газ құбыры тартылмаған. Себебі бас жоспар бекітілмеген. Сондықтан Үкімет бекіткен «Тұрғын үй алабы» мәртебесі берілгеннен кейін саяжайларға су, жол, газ құбырлары тартылуы тиіс. Алайда, саяжайларға баспана салып, онда тұрақтап өсіп-өніп жатқан қаланың есебінде тұратын тұрғындардың сұранысынан кейін Талдықорған қаласының «Қызылтас» саяжайын мекендейтін тұрғындарға су, газ, көпір жол салынды, бұл халықтың сұрауы бойынша жүзеге асырылған.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, қаланы газдандыру жұмысы 2016 жылдан басталған. Құрылысқа тапсырыс беруші «Жетісу облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ болып табылады. Қалада барлығы 1261,9 км газ құбырының желілері бар (оның жоғары қысым 106,4 км, орташа қысым 637,4 км, төмен қысым 518,1 км жер асты 869,6 км, әуе 392,2). Газ желісімен қамту 90,3 пайызды құрайды. Оның ішінде 35 218 абонент немесе 64% (жеке тұрғын үй 18 008, пәтер 16 808, өнеркәсіп 12, басқалары 390) газ желісіне қосылған. 2024 жылы жалпы 478 техникалық шар берілген (барлық тұтынушыларға тариф: 34,5 тг/м³). Жобаға сәйкес барлығы 54469 абонентті (32341 пәтер, 22128 ЖТҚ) қосу көзделген.

2022 жылы 2106 тұрғын үйді қамтитын 4 жоба құрылысы аяқталып, келесі тұрғын алаптарға газ берілсе, 2023 жылы 5493 үйді қамтитын үш жоба құрылысы аяқталса, «Үйтас» саяжай қоғамына (2537 участок) Жастар-2 тұрғын үй алабына (526 үй), Ынтымақ тұрғын үй алабында 2430 үйге табиғи газ берілген. Ал 2024 жылы 780 үйді қамтуға мүмкіндік беретін газбен жабдықтау жобалары іске асырылуда. 22 іске қосу кешені, жобамен 560 газ жәшігін орнату қарастырылса, 2023 жылы «Жастар» жылы Жастар1/1 Солтүстік Батыс т/а Еркін, Көктал, Шығыс, Плодопитомник тұрғын алабына 170 жәшік орнатылған. Оны мердігер МБК «Құрылыс» ЖШС құны 1,2 миллиард теңгеге бағаланғанын, жұмыстың аяқталу мерзімі 2024 жылдың қыркүйек айының соңына жоспарланған. Сондай-ақ, Мойнақ ауылында газ желісін салу және қамтуға мердігер «Алматы Production Констion» ЖШС 2023 жылдың тамыз айынан бастап құны 508,0 миллион теңгеге, ұзындығы 23,9 км болатын жұмысты жыл басынан атқарып келеді. Қазіргі уақытта 2 км газ желісі салынып, 4 км траншея қазу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстардың аяқталу мерзімі 2024 жылдың қазан айына жоспарланған. Мақала басында айтылғандай, Талдықорған қаласындағы саяжайларға қатысты газ желісін тарту жұмыстары да қолға алынды. Қала әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, «жобалық шешім» жүзеге асырылуда. Қала бойынша табиғи газбен қамтылған саяжай қоғамдары: Қаратал – 214, Қызылтас – 1401, Мерекелік – 653, Балықты – 22, Сарыбұлақ – 342, Алмалы – 416, Ащыбұлақ – 896, 1-ші бөлімше, барлығы 3950-ден астам учаскенің «жобалық шешім» ЖШС жобалау ұйымымен ЖСҚ әзірленуде. Болжамды сараптама алу күні 30.05.2024 жыл.

Ал бір пәтерді газға қосу құны есепке алу аспабынсыз 13 мың теңге, есепке алу аспабымен 33,5 мың теңге. Жеке тұрғын үйді қосу құны қазандықсыз – 140-180 мың теңге. Ал қазандықпен 550-750 мың теңге аралығында болады. Жеке тұрғын үйлерден бөлек, көппәтерлі тұрғын үйлерге сұйытылған газ жеткізуді «Тавиди» ЖШС жүзеге асыруда. Тариф – 550 тг/м³. Қала бойынша барлығы 147 топтық резервуарлық қондырғы бар, жалпы көлемі 1832,5 м³ болатын 517 резервуар (сосуд) орнатылған. Жалпы, қалдық құны 191,8 млн. теңгені құрайды (146 мекен-жайы көрсетілген). Сондай-ақ, 60 топтық резервуарлық қондырғының құқық белгілейтін құжаттары бар.

Бүгінгі таңда 147 топтық резервуарлық қондырғының 73 данасы (көлемі 802,5 м³ болатын 242 резервуар) пайдаланылған. Олар 167 көпқабатты тұрғын үйді немесе 7,0 мың абонентке қызмет көрсетеді, жұмыс істемейтін 74 топтық резервуарлық қондырғыны (көлемі 1030 м³ болатын 275 резервуар) демонтаждауға – 42,3 млн. теңгеге сметалық есеп жасалған.



Кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқан газ жұмысы Жетісу өңірінде кестеге сай жүргізілуде. Журналистер үйінде БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз мәслихатында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаев: *«Жетісу облысында 33 елді мекенге газдандыру жұмыстары жүргізіліп, 327 мың адам көгілдір отынға қол жеткізді. 2024 жылдың соңына дейін тағы 30 елді мекен қосылады. Ол үшін бюджеттен 12 млрд. теңге бөлінді»*, – деген болатын. Басқарма басшысының айтуынша, биыл жалпы сомасы 26 млрд. теңгеге жуық 42 жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, газдандырудың екінші кезеңімен Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының елді мекендері табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарлануда.

*«Бүгінгі таңда құны 131 млрд. теңгеге, «Талдықорған – Үшарал» магистральдік газ*

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЗЕКЖАРДЫ

# 2030 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛАДЫ

*құбыры құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жобада ұзындығы 302 шақырым, 6 АГРС орнатумен магистральдік газ құбырын салу көзделген, бұл 124 мың тұрғыны бар тағы 66 елді мекенді газға қосуды ұлғайтуға мүмкіндік береді»,* – дейді басқарма басшысы.

Қазіргі таңда облыс орталығы Талдықорған қаласының тұрғындарының басым бөлігі көгілдір отынды тұтынуда. Бұл қала экологиясын анағұрлым жақсартты. Газ құбыры тартылмағанда қала тұрғындары қатты отынды тұтынатын, жылыту маусымы басталғанда қала кеңістігі көк түтінге оранып, қолқаны қабатын. Оның үстіне қатты отынның сапалысы «Шұбаркөл» көмірін екінің бірі ала бермейтін. Бағасы да жоғары әрі тез жанып кетеді деп ел алмайтын. Ал қалған көмірлердің қызуы болғанымен тонна-тонна күл шығарып күйелеш болып жүретін қала тұрғындары газ жүйесі іске қосылғалы бейнеттен арылды әрі қаланың экологиялық ахуалы жақсаруда.

Жетісу облысында барлығы 358 елді мекен бар. Оның 192-сі газ жүйесін орнатуға жатады. Жоспардағы 192 елді мекеннің 33-інде газ жүйесін орнату жұмыстары толық аяқталса, биылғы жылы тағы 30 елді мекенде газ тарту жұмыстары аяқталады деп жоспарлануда. Өңірді толық газдандыру 2030 жылы толық аяқтауға жоспарланған. Қазіргі таңда көгілдір отынмен жабдықтау жұмыстары Ескелді, Көксу, Қаратал, Кербұлақ аудандарында басымдық алып тұр. Мұнда 7 мердігер компания жұмыс жасауда. Олар «Алматы Production Construction & Invest», МБК құрылыс, ТОО «ST.LTD», ТОО «АйТемір-Құрылыс», Жаңа кз, ТОО «Ремстрой», GASENERGY.

Елді мекендерді көгілдір отынмен қамтуда ЕСКЕЛДІ, КӨКСУ аудандарындағы жұмыстар қалай жүргізілуде екенін білу мақсатында өңірлік әкімдіктегі арнайы мамандардан ақпарат сұраған едік. Берілген мәліметке көз жүгіртсек, Ескелді ауданын газдандыру схемасы Алматы-Талдықорған магистральдік газ құбырының аясында жүзеге асуда. 2022 жылы аудан орталығы Қарабұлақтан бастау алыпты.

Жалпы аудан көлемінде 33 елді мекеннің 28-і 2030 жылға дейін газдандырылады деп күтілуде (Бақтыбай, Жаңалық, Елтай, Өтенай, Сырымбет, Қаратал, Шымыр, Матай Байысов, Ешкіөлмес, Жетісу, Екпінді, Жалғызағаш, Абай, Көкжазық, Қайнарлы, Теректі, Ақын Сара, Ақешкі, Бигаш, Теңлік, Жеңдік, Өрқұсақ, Ақтасты, Қоңыр, Көктөбе, Тамбала, Жастар) екен. Ал 28 елді мекендегі халық саны 36 153 адам болса, аулалар саны 11 379 құрайды. Сондай-ақ, Қарабұлақ, Өрқұсақ, Екпінді, Алдабергенов, Байысов және Сырымбет ауылдарында газ құбырлары мен газ тарту желілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталса, Қаратал, Көкжазық Теректі ауылдарында газ тарату желілері жалғасуда. Ағымдағы жылы Ескелді ауданында газ құбырын тарту жұмыстары қарқын алып, Жаңалық, Шымыр, Жетісу, Жастар, Абай, Ешкіөлмес ауылдарында жұмыстар жүргізілуде деген аудан әкімдігіндегілер Алдаберген, Бақтыбай, Матай Байысов, Қарабұлақ, Екпінді, Өрқұсақ ауылдары көгілдір отынмен толық қамтылғанын айтады. Газбен қамтуда Жаңалық ауылында «АйТемір-Құрылыс», Шымыр, Жетісу, Жастар, Абай, Ешкіөлмес ауылдарында «Алматы Production Construction & Invest», Өтенайда «ST. LTD» атты мердігерлер жұмыс атқарған.



Газды қолдану барда оған қатысты сақтық шаралары жайлы тұтынушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтауды шаралары Төтенше жағдайлар комитеті мен газ мекемелері бірігіп халыққа ескерту, ақпараттандыру жұмыстарын ұдайы жүргізеді. Ауданның табиғи газбен қамтылу көрсеткіші шамамен 60-70 пайызды құрайды. Жоспар бойынша 2025 жылға дейін елді мекендерді табиғи газбен 100 пайыз қамту қолға алынған. Мәселен, Алдаберген, Бақтыбай, Қарабұлақ, Өрқұсақ, Екпінді, Сырымбет ауылдарына толық тартылып, осы ауылдар арасында 2865 үй газ жүйесіне қосылған. Алайда, осы аты аталған ауыл тұрғындары көгілдір отынды толықтай тұтынып отырған жоқ. Оның басты себебі газ құнының қымбаттығынан тұрғындардың қалталары көтермеуде. Ауыл түрмақ Талдықорған қаласының тұрғындары да газ жүйесіне әлі толық қосылмаған. Көгілдір отынды үйге кіргізу, сырттағы газ жәшігінен бастап, әрбір қадам саналып оған тартылатын, құбыр және газ пешінің көлемі толық есепке алынады. Осының бәрі газды тұтынушылардың қалталарына үлкен салмақ салуда. Бір жарым миллионнан бастап, екі миллионға жуық қаражатты талап ететіндіктен қала және дала тұрғындары әлі қатты отынға тәуелді. Жалпы Ескелді ауданы бойынша газ құбыры тартылған 13055 үйдің 2865-і газ жүйесіне қосылса, 10190-ы газға қосыла алмай, әлі газ балонымен, қысты күні көмір жағуға мәжбүр болуда.

Ал КӨКСУ ауданынан алынған мәлімет бойынша 2023 жылдың қорытындысына сәйкес Балпық би, Теректі, Мұқыры, З. Тамшыбай, Бесқайнар, Мәмбет, Жамбыл, Мұсабек елді мекендері газбен қамтамасыз етілген. Аудан бойынша газға қосылған 8 елді мекеннің 3159-ы тұрғын үй газ жүйесіне қосылған. Газ желісіне қосылған 8 елді мекендегі аула саны 6242. Оның 59-ы көпқабатты тұрғын үй, 6191-і жеке тұрғын үйлер. Бұл жалпы аулалар санының 51 пайызын құрайды, оның 10-ы көпқабатты тұрғын үй және 3103 жеке үй газ жүйесіне қосылып, 3335 үйге техпаспорт берілген.

Биылғы жылдан бастап Көксу ауданындағы елді мекендерді газбен қамтамасыз ету жұмыстары бойынша 12 ауылда жұмыс қызу қарқын алған. Атап айтқанда, Кеңарал, Жетіжал, Бозтоған, Қызылтоған, 10 жылдық Қазақстан ауылдарында «ST.LTD» ЖШС, Ақшатоған, Айнабұлақ, Жарлыөзек, Талапты, Мәулімбай ауылдарына «Алматы Production Construction & Invest» ЖШС, Алғабас, Ақтекше ауылдарына «МБК Құрылыс» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Тапсырыс беруші Жетісу облысы бойынша энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы болып табылады.

Газ құбырларын тарту жұмыстарымен айналысып жатқан фирмаларда ортақ есеппен 60 адам және 15 техника жұмыс атқаруда. Ауданда табиғи газбен қамтылу көрсеткіші 51 пайызды, газдың бағасы жеке тұлғалар үшін 35,25 теңге болса, заңды тұлғаларға 40,41 теңгені құрайды. Сондай-ақ, әр тұрғын үшін газды үйіне кіргізіп алу құны 30 метрге 170 мың теңге көлемінде және сатып алынған газ пешіне байланысты шығын әртүрлі. Газдандыруға қатысып жатқан фирмалар үшін жеңілдіктер көрсету заң бойынша белгіленбеген, бірақ Көксу ауданы бойынша газдандыруға қатысып жатқан фирмалар мүмкіндіктеріне байланысты қоғамның осал топтарына жеңілдіктер жасауда екен. Қазіргі таңда газдандыруға 8 фирма жұмылдырылған. Атап айтсақ, «Адал Құрылыс», «Ақзерей», «Аңсар Груп», «Дат Континенталь», «КазЭлитСтрой», «Home Газ», «Ск Муслим», «ТДК Строй» фирмалары.

Жетісу облысында елді мекендер мен қалаларды көгілдір отынмен толықтай қамту 2030 жылы аяқталуы тиіс. Бұл үрдіс шиеленіскен экологиялық ахуалды реттеудің төте жолы болмақ. Адам денсаулығынан артық байлық жоқ. Қазақстандағы қазба байлықтың бірі осы газ жүйесі. Алайда, қалаға да, далаға да кезең-кезеңімен тартылып жатқан газды тұтынушылардың бәрі бірдей қолдана алмауда. Оның бағасының қымбат болуынан қарапайым қоңыр тірлік кешіп отырғандар қол жеткізе алмауда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы да осы газ бағасын тұрғындарға қолайлы жағын қарастыруды жауапты мекемелерге тапсырған болатын. Оның үстіне жыл сайын көтеріліп шыға келетін коммуналдық және азық-түлік бағасы да жығылғанға жұдырық болып тиюде. Бұл нарық жүйесіне орай жекенің қолына өтіп кеткен газ қондырғыларын әр ауданың алдына апарып бергенімен, оны үйге кіргізіп ала алмай отырған талай отбасыға қол жетпейтін арманға айналуда. Себебі көптеген тұрғын газды пайдалануға мүмкіндіктері жоқ екендерін айтуда.

**Айтақын МҰХАМАДИ**

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

*«Биыл Қарабұлақ ауылында газ жүйесін орнату құны 450 мың теңгені құрады. Жалпы, барлық шығынды қосқанда пеш, батарея сияқты қажетті заттар мен кіргізу жұмыстары осы қаражат есебінен болды»,* – дейді аты-жөнін көрсетпеуін өтінген ескелділік тұрғын.

* * *

Аида Абдықалықова, ауыл тұрғыны: «*Қарабұлақ ауылында үш жыл бұрын үйге газ кіргіздік. Газ кіргізу құнын есептейтін болсақ керекті материалдар мен үйге тартып беру 670 мың теңгені құрады. Қаражаттың бір бөлігін қолма-қол, ал 400 мың теңгені бір жылға бөліп төледік*».

* * *

Индира Нүсіпбайқызы, Көксу ауданының тұрғыны: «*Газды үйге кіргізу құны 800 мың теңге болды. Екі трубаға 250 мың теңге, ал пешті кіргізу құны қымбат немесе арзанына байланысты шықты. Үйімізде бірінші топтағы мүгедектігі бар адам бар. Дей тұрғанмен газ орнатуға жеңілдік болу үшін үй сол кісінің атында болғанда ғана көмек көрсетіледі екен*».

* * *

Кенжеғали Аманбайұлы, ауыл тұрғыны: «*Үш жыл бұрын газды 650 мың теңге төлеп кіргіздім. Негізі 580 мың теңге болады деп келіскенбіз. Бірақ насос, су жиналатын бөшке және тағы басқа ұсақ-түйектерді қосқанда барлығы 650 мың теңге болды*».

## Дүйсенбі - Понедельник, 15 шілде

### ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00, 15.00, 20.00, 0.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12:10 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Дала дәмі
15.15 «Апта» сараптамалық бағдарлама
16.05 Футбол -2024
16.15 Т/х«Сырғалым»
19.00 Телехикая «Зейнеп»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
21.25 Телехикая «Құдаша қыз»
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
02.30 «Ашық алаң» Қоғамдық-саяси ток-шоу
03.20 «Сана»

### ХАБАР

05:00 «Кім мықты»
06.00 «Третий акт» худ.фильм
10.00 «Біздің назарда»
10:20М/ф «Риф Новые приключения»
11.30М/с«Тайны медовой долины»
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
13.00,18.20,19.20 Телехикая «Фатмагүл»
14.00, 21:45 Т/х «Келінжан»
15.00«Шашу»
16.00, 23:30 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
19.00 Жаңалықтар
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
06.45 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.20, 21.55 Т/х «Қорғаушы ханым»
11.10«Күлпәштің хикаялары»
13.00 «Көкжалдар әміршісі»
14.00 «Үздік әндер»
14.40, 23.45 Сериал «Склифософский-9»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Отдай мою мечту»т/с
20.00 «Астана таймс»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ең алғашқы»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.55 фильм «Медвежья шкура»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.25 Қаймақ
15.00 «KOREMIZ»
15.55 «Бейкүнә» телехикаясы
16.40 «Позднее раскаяние»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Спецбат»
00.25«Один шанс на троих»
02.15 «Новости»
02.20 «Жаңалықтар
02.35 «Паутина»
03.20 «Басты жаңалықтар
03ү50 «Ең алғашқы»

### КТК

07:05, 05.05 «Өнім сен едің»
07.40, 04.55 Т/х «Тоғжан»
10.50 «Парад юмора» ш/п
13.00 Т/с «Рысь»
15.15 Т/х «Намыс»
18.30 «Стажер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы Ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 «Разница в возрасте»
02.00 Т/с «Рысь»
03:45 Астарлы ақиқат

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 «Сапарлайық»
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Единый народ»
11.00 «Ел іші - өнер кеніші»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Әзекжарды»
13.30 «Шіркін-ай»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Әсем әуен»
17.50«Жүргізуші»
18.00 «Бүгін»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08.30 «Маша и медведь»м/с
09.10, 22.50 Т/х «Құйынды мекен»
12.20 Кино
14.20 Кино.
17.10 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
01.30 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qeлi»
07.00 «Тағдыр ойыны»
08.00, 23.00 Т/х «Алданған арман-2»
09.00 Мультсериал
10.00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 Т/с «На той стороне»
16.00,03.50 Т/х «Тек қана қыздар
17.00 Т/х «Ғаламат ғасыр Хюррем»
19.00 Т/с «В плену у прошлого»
00.00 «Тақиясыз періште»
01.00 Т/с «Жена олигарха»
02.00 «Ата-ана. Бала-шаға»
05:52 Үзіліс

## Сейсенбі - Вторник, 16 шілде

### ҚАЗАҚСТАН

05.50 Футбол
08.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
11.00,19.00 Т/х «Зейнеп»
12:10 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Отандық бренд
15:15 «Ақорда»
15.30 «Інжу маржан»
16.05 Футбол
16.15 Т/х«Сырғалым»
20.30,02.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
23.50 Футбол
03.20 Сана

### ХАБАР

05:00 Кім мықты?
06.00 «Пәленшевтер-4»
10.00 «Біздің назарда»
10:25 «Ой талқы»
10.50Мультфильм
12.00,18.20,19.20 Т/х «Фатмагүл»
14.45, 21:45 Т/х «Келінжан»
16.00, 22:30 Сериал «Без тебя»
18.00 Новости
19.00 Жаңалықтар
00.30 «Әсем әндер»

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
06.45 М/с «Маша и медведь»
09.00, 22.50 «Осман-5» т/х
10.20, 21.55 Т/х «Қорғаушы ханым»
11.30Күлпәштің хикаялары
13.10 «Көкжалдар әміршісі»
14.10 Үздік әндер
14.40, 23.45 Сериал «Склифософский-9»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Отдай мою мечту»т/с
20.00 «Астана таймс»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Ең алғашқы
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.55 Худ.фильм
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қаймақ
15.00 «KOREMIZ»
15.55 Т/х «Бейкүнә»
16.40 Т/с «Позднее раскаяние»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Спецбат»
00.25 Ночной кинотеатр
02:15 «Новости»
02:25 «Жаңалықтар
02:35 «Паутина»
03:20 «Басты жаңалықтар

### КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 04.40 Т/х «Тоғжан»
08.45 Вечерние новости
09.20,03.10 «Было дело»
11.20,02.00 «Тайна лилит»
12:25«Маруся мелодрама»

14.20,23.40 Т/с «Разница в возрасте»
16.40 «Намыс»
18.30 «Стажер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,03.50 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
04.30 кешкі жаңалықтар қайталау

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.25 «Әсем әуен»
12.00 «Баспасөзге шолу»
12.30 «Бүгін»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
17.50 «Жемқорлық»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08:00 Тайм вайн
08.30 «Маша и медведь»м/с
09.30,23.00 Т/с «Құйынды мекен»
12.40 Ризамын
13.10 Кино
16.00 Кино.
17.50 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
01.40 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qeлi»
07.00 Т/х «Тағдыр ойыны»
08.00,23.00 Т/х «Алданған арман-2»
09.00 М/с «Синий трактор»
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 сериал
16.00 Тек қана қыздар
17.00 Т/х
19.00 Т/с «В плену у прошлого»
22.00 Т/х
00.00 Т/х
01.00Сериал
02.00 Ата-ана. Бала-шаға
04.50 Келесі кім?
05:52 Үзіліс

## Сәрсенбі - Среда, 17 шілде

### ҚАЗАҚСТАН

05.50 Футбол
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
11.00,19.00 Телехикая «Зейнеп»
12:10,02.35 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Отандық бренд
15:15 «Технократтар талқысы»
16.15 Т/х«Сырғалым»
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
21.25 Т/х «Құдаша қыз»
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
01.30 «Сана»

### ХАБАР

05:00 Кім мықты?
06.00 «Пәленшеевтер-4» Т/х
10.00 «Неосеть»
10:25 Мультхикая
11.20Мультхикая
12.00 18.20,19.20Фатмагүл Т/х
14.45 «Келинжан» Т*х
15.00, 21:45 Т/х «Келінжан»
16.00, 23:30 Сериал «Без тебя»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
00.30 Әсем әндер

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
06.45 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 Т/х «Қорғаушы ханым»
11.50«Күлпәштің хикаялары» Т/х
13.10 «Көкжалдар әміршісі»
14.00 «Үздік әндер»
14.40, 23.45 Сериал «Склифософский-9»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Отдай мою мечту»т/с
20.00 «Астана таймс»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ең алғашқы»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 Худ.фильм
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.25 Қаймақ
15.00 «KOREMIZ»
15.55 «Бейкүнә» Т/х
16.40 Сериал «Позднее раскаяние»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Спецбат»
00.25 Один шанс на троих
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар

### КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Тоғжан»
08.45 Вечерние новости

09.20 «Было дело»
11.20,01.40 «Тайна Лилит»
12:25Маруся мелодрама
14.20 «Разница в возрасте»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 Выше только любовь
02.00 Криминальная драма
03:35 Астарлы ақиқат
04.15 Кешкі жаңалықтар қайталау

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.30 Новости (Алматы облысы)
11.00 Новости (Жетісу облысы)
11.30 «Домбыра»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Арам ойлы дос»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 Тайм вайн
08.30 «Маша и медведь»м/с
09.30,23.20 «Құйынды мекен»
12.40 Кино
15.40 Кино.
17.50 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
01.50 «31 әзіл»
02.30 Тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 «Qeлi»
07.00 «Тағдыр ойыны» т/х
08.00,23.00 Т/х «Алданған арман-2
09.00 М/с
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 сериал
16.00, 03.50 Т/х «Тек қана қыздар»
17.00 Т/х
19.00 Т/с «В плену у прошлого»
22.00 Т/х
00.00 Т/х
03.50 Келесі кім?
05:12 Үзіліс


**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Талдықорғанқабел» ЖШС жұртшылықты 2024 жылғы 22 шілдеден 26 шілдеге дейін «Талдықорғанқабел» ЖШС «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің Талдықорған қаласы Жетісу облысы бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді.

Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 45°0»40,83» СШ, 78°21» 50.91 « ВД.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Талдықорғанкабель» ЖШС, Жетісу облысы, Желтоқсан көшесі 205, тел. 87083936292, e-mail: tootkz@gmail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады: ecoportal.kz. Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы, 87282 32-92-67, zhumadilova.kamshat@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26,. ЖАО сайтына сілтеме https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru. ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: ecoportal.kz. «жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарында және zhumadilova.kamshat@mail.ru.



**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ТОО «Талдыкорганкабель» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 22 июля по 26 июля 2024г. Раздел «Охраны окружающей среды» ТОО «Талдыкорганкабель» Область Жетісу г.Талдыкорган.

Географические координаты участка и территории воздействия: 45°0»40,83» СШ, 78°21»50.91» ВД.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Талдыкорганкабель», область Жетісу, ул. Желтоксан 205, тел. 87083936292, e-mail: tootkz@gmail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail:Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz. Управление природных ресурсов области Жетысу, 87282 32-92-67, zhumadilova.kamshat@mail.ru, г. Талдыкорган ул. Кабанбай батыра 26,. Ссылка на сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru. Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и zhumadilova.kamshat@mail.ru.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

# АҚЖОЛДЫҢ ЖЕҢІСІ

***ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫСЫ АҚЖОЛ БОЛАТ СЕРБИЯДА ӨТКЕН X ЕУРОПАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОЛИМПИАДАДА КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ.***



Бұл жарысқа қазақстандық жас географтармен қатар Ресей, Сербия, Болгария, Румыния, Босния, Герцеговина, Чехия, Литва, Дания және Словения елдерінен 200-ге жуық оқушы қатысты. Қазақстан құрамасына Республикалық және Халықаралық олимпиадалардың жүлдегері Абай Дүйсен жетекшілік етті.

Ақжол Болат география пәнінен бірқатар республикалық, желілік олимпиадалардың жеңімпазы. Жетістіктер қоржынында алты алтын және үш күміс медалі бар.

Жеңімпаздың айтуынша, X европалық географиялық олимпиада Сербияның оңтүстігіндегі Копаоник ұлттық паркінде өткен. *«Олимпиада кезінде біз табиғат аясында жаңа достар тауып, білім мен дағдыларды үйрендік. Олимпиада үш турдан тұрды, теориялық, мультимедиалық және далалық тур. Далалық турдың ерекшелігі – бұл оның Копаоник табиғи паркінің таулы ормандары арасында өткені, маған ұнаған бөлігі де сол»,* – дейді Ақжол.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



# СУ – ӨМІР ӨЗЕГІ

**ЕГІН ЕККЕН СОҢ ОНЫ КҮТІП БАПТАП, СУАРУ КЕРЕК. БІРАҚ СУАРУ КЕЗІНДЕ ОНЫ ЖЕТКІЗУ МӘСЕЛЕСІ ҚИЫНДАП КЕТЕТІНІ РАС. ӘТТЕГЕНАЙЫ, КӨКТЕМДЕ ҚАР ЕРІП, ЖАН-ЖАҚТЫ СУ БАСЫП ЖАТСА, ЖАЗДА ЖАҢБЫРДЫ КҮТІП, КӨКТЕМДЕГІ АСЫП-ТАСЫҒАН СУДЫ АРМАНДАП ОТЫРАМЫЗ. ШІРКІН, ТІРШІЛІКТІҢ КӨЗІ СУДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА АЛАТЫН ЖАҒДАЙҒА ҚАШАН ЖЕТЕМІЗ?**

Жаңа Қазақстан құрамыз деп тырысып жатқандай, суды да дұрыс пайдалана алатын күн алыс емес болар. Ал әзірге облысымыздағы вегетациялық кезеңге тоқталсақ.

**Вегетация, латын тілінен vegetatio сөзін аударғанда – тірілу, өсіп-өну деген мағына білдіреді. Ал вегетациялық кезең дегеніміз – өсімдіктің өсіп-дамуына қолайлы жыл маусымы, өте маңызды биоклиматтық көрсеткіш. Агротехникалық шараларды жүзеге асыру, егін жинау мерзімдері сол маусымға орайластырылады.**

«Қазсушар» РМК Жетісу филиалының директоры Саят Құдайбергеновтың айтуынша, облысымыздағы өзендердің суы таулы аймақтағы мұздықтар мен бұлақтардан, қардан және жылғалардан құралады және олардағы судың өтілімі жыл бойы жауған жауын-шашын мен ауа температурасына байланысты.

*– Су тапшылығының алдын алу мақсатында филиал вегетациялық кезең басталғанға дейін аудандық әкімдіктермен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді хабардар етті. Жыл басынан су ресурстарын ұтымды және ысырапсыз пайдалану үшін облыстың ауылшаруашылығы басқармасына, аудан әкімдеріне АШМ мен ЖАО арасындағы меморандумға сәйкес егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен ауыспалы егісті сақтау, күріш және ылғалды көп қажет ететін дақылдар алқаптарын азайту, агромелиоративті іс-шараларды атқару, ішкі шаруашылық каналдарға механикалық тазарту жұмыстарын жүргізу, суарудың прогрессивті әдістерін пайдалану және озық техникаларына көшу, суды көп қажет ететін дақылдарды тек қолжетімді жерлерге себу, шаруашылық аралық каналдардың басына немесе су көздеріне жақын алқаптарға егу жөнінде хаттар жолданды,* – дейді Саят Үсенұлы.

Рас, табиғи құбылыстарды болжау мүмкін емес. Алайда, өзендердегі су деңгейінің күрт төмендеуі байқалып, суармалы су тұрақсыздығы орын алған жағдайда тиісті шаралар қолға алыну керек. «Қазсушар» РМК Жетісу филиалының басшысы мұндай жағдайда қандай шаралар жүзеге асырылатынын да тізбектеп берді: *каналдар бойынша су айналымы қолданылады; түнгі уақытта кезекшілік, егістіктерде суарушылардың болуы және түнгі суаруды сақтау да назардан тыс қалмайды; тамшылатып суару әдісі сияқты заманауи суару технологиялары қолданылады*.

Болашақта құрғақшылыққа төзімді ауылшаруашылық дақылдарын өсіру үшін тұқым өндіру мәселесіне назар аударып, еріген қар және тасқын суларын жинау үшін су балансын сақтай отырып, жаңа су қоймаларын салу туралы ұсыныс болатынын да сала басшысы айтты.

*– Ағымдағы жылдың вегетациялық кезеңіне, өндірістік учаскелер бөлінісінде 140,0 мың гектар суармалы алқапқа ауылшаруашылық дақылдарын болжамды орналастыруды негізге ала отырып, суармалы суды тасымалдау бойынша қызметтерге жоспарланған су көлемі 1 091,6 млн. м³ құрайды.*

*Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен 7197 дана келісімшарт жасалды, суармалы жер көлемі 114,974 мың гектар, су беру көлемі 928,0 млн. м³. Нақты берілген 225,4 млн. м3 су көлеміне суғарылған жер 37,5 мың гектарды құрайды. Суармалы суға берілген өтінімдерге сәйкес пайдаланушыларға тиісті көлемде су берілуде. «Қазсушар» РМК Жетісу филиалының мамандары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің жерлерін суармалы сумен қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салып келеді,* – дей келе филиал басшысы вегетациялық кезеңнің қалыпты режимде өтіп жатқанын тілге тиек етті.

**Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Жетісу филиалы берген деректерге сүйенсек, Жетісу Алатауының Көксу, Қаратал, Басқан, Тентек өзендерінде жауын-шашын мөлшері орташа көпжылдық нормадан жоғары (нормасы – 134 мм, нақтысы – 291 мм), алайда қар қоры орташа көпжылдық нормадан төмен (нормасы – 118 мм, нақтысы – 89 мм). Іле Алатауының оңтүстік беткейінде және Кетмен жотасының солтүстік беткейінде (Шарын, Бұрақожыр және Өсек өзендерінде) жауын-шашын мөлшері орташа көпжылдық нормадан төмен (нормасы – 210 мм, нақтысы – 147 мм), ал қар қоры орташа көпжылдық нормадан төмен (нормасы – 86 мм, нақтысы – 52 мм).**

**Айнұр ӘБДІРАХЫМ**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

# ДҮКЕННІҢ АРТЫНДАҒЫ ТӨРТ КҮН




Базарбай өтті дүниеден… Қыстығүні асықпай ататын еріншек таңның жарығы түсер-түспес қараңғылау уақытында оқылған жаназа намазы тез аяқталды. Кейбір жаназадағыдай өмірбаяны оқылмады, қоштасу сөздері айтылмады. Сұлбасы қараң-құраң еткен қабіршілер күректерін сарт-сұрт тиеп, жүк көлігіне кілемге құйылтай оралған марқұмның денесін салып алды да, әдеттегі мүрденің біріндей елеусіз ғана ауылдың шетіндегі қауымға ала кетті.

Құйған қалыптай шаршыланып салынған шағын үйінен аса бір әдепті әуенмен сыңси шыққан жоқтау скрипканың шегіндей үзіліп барып, алыстай берді.

– Күн жылып тұрғаны жақсы болды, жер оңай қазылды, – десті қабіршілер дымқыл топырақ жабысқан балақтарын қағып жатып…

– Ойпырмай, бөлен күннен соққан мына боранның бүгін тыншып, күннің тез жылып кеткенін айтсайшы, – дейді бірі.

– Қазір ауа райын да түсініп болмайсың, климат өзгеріп жатыр ғой, – дейді білгіштеуі.

– Қазған қабір кішілеу бола ма дегем, жоқ, дәл келді. Базарбайдың өзіндей шапшағын бейіт көтерілетін болды, – деді шаруашылықты мойнына алғандары.

Бірақ бір де бірі Базарбайды қимайтынын, Базарбайдың болмысы туралы, Базарбаймен бірге өткен күндерін айтатындай әңгіменің шетін шығармады. Елеусіздеу болмысына бұл дүниеде бір ескерткіш қалар болса, төрт құлағы аспанға қарай шалқайып жатар шағын бейіт қалар…

«Базарбай деген біреу бар еді», – деп осы уақытқа дейін еленбеген оны төртбес күн бұрын ел дүрлігіп іздеп кеткен. Ауыл түгілі қала аяғынан тік тұрды.

– Жеделбаев Базарбай, мың тоғыз жүз алпыс сегізінші жылы туған. Күзетші. Төртінші қаңтарда таңертең жұмыс кезегін тапсырып, нысаннан шыққан. Ауылына баруы керек болған. Бірақ үйіне келмегеніне үш күн болған, – деген іздеу хабары жер-жерге тарады. Ойпырмай, сақадай сай мамандардан тұратын арнайы жұмыс тобы құрылды. Сағат сайын басшыларға хабар жіберіп отырды.

– Ұялы телефоны соңғы рет Әлиев көшесі мен Тұранның қиылысында қосулы болған.

– Жұмыс нысанынан серіктес күзетші Мақсот Айдарбаевпен бірге Әлиев көшесіндегі аялдамаға келген.

– Мақсот Айдарбаев вахталық жұмысы аяқталған соң ауылына кетіпті. Үйіне шақырту жіберілді. Түс қайта қалада болады.

– Күзет фирмасының директорына шақырту жіберілді.

– Бізде сондай адам жұмыс жасайтын ба еді? – деп таңғалып отырған бастығының өзі үшін жауапқа шақырылып жатқанын Базарбай білсе қалай масаттанар екен, ә? Күн қақтап, қысы-жазы шырайы тамып тұратын қызғылт қоңыр қошқыл жүзіндегі ұсақ әжімдері бір жадырап, екі езуі құлағына жете ыржиып, бір риза болар ма екен? Жоқ, өзі үшін біреудің әбігерге түскенін естісе, ойланып жатпай-ақ қалбалақтап ұшар еді. Кінәлі адамдай қипақтап, онсыз да тұтығып сөйлейтін тілі күрмеліп, тартылып, икемге келмей өз үніне өзі тұншығып, ақтала алмай әбігерге түсер еді. Бірақ бұл жолғы Базарбайдың дәті мықты екен, ел аяғынан тұрып, даланы, қаланы кезіп іздегендерге бір хабарын бермей жым-жырт жатып алды. Төртінші күні Базарбайдың суреті телеарнадан көрсетілді. Былтыр бауырының тойында тік жағалы көгілдір көйлегінің түймелерінің бір көзін де бос қалдырмай қылқындыра киініп алған жалғыз тәуір суретін теледидардан көріп: «Ойбай, мынау біздің Базарбай ғой», – деп қуанып жатты ауылдастары.

Базарбай істейтін күзет фирмасындағы әншейінде адам менсінбейтін, кабинетіне бас сұққандарға арсылдап дес бермейтін көкбет есепшілерден бастап бүкіл күзетшісі бар, басшылары бар «Тексеріс келе жатыр», – деп кабинеттен кабинетке шабысты. Бәрі де Базекең үшін… Іс қағазы да бір тәулікте неше рет парақталғанында есеп жоқ.

«Кім еді Жеделбаев деген?» – деп сұраған басшыларға әріптестері соңғы бір апта бұрын жаңа жыл кешінде банкетте бірге түскен суретін көрсетті. Қыстың қақ ортасында ақ араласқан шашын тықырлап қиыпты пақырың. Асхананың ұзын үстеліне тізіле отырған отыз шақты жұмысшылардың ішінде ерекше аксия күліп түсіпті. Добалдай саусақтарының ортасына шымшықтай кішкентай мөлдір стаканды көтере түсіпті. Шамасы көңілді ортада бірге ішіп отырғанына риза болса керек. Оған да себеп бар, көп адаммен араласпайтын Базарбай көбіне жалғыз жүретін, жалғыз өзі бір шөлмекті орталайтын. Өзі сияқты азаматтарға қосылып бұл да саясат туралы, көлік туралы немесе шөп шапқан кезінде көрген қызықтары, бойы екі метрден асатын үлкен жайын аулаған кездерін ортаға салып, бұл да айтқысы келетін кездері де болған шығар, кім білсін!..

Жоғалар күні түнгі кезекте бірге болған Мақсот Айдарбаев та шақыртылды.

– Түнгі сменге ішіп келді. Жалпы жаңа жылдағы отырыстан бері ішумен жүрді. Сол күні құдалықтан шықтым деп келді. Құдаларыммен іштім деді. Тексерушілер көріп қалмасын деп жатқызып тастадым да сменді өзім атқарып шықтым. Таңертең аздап айыққан екен. «Кеше құдалармен қымбаттау арақ ішіп едік, бірақ бәрібір бас ауыртады екен», – деді. Жұмысты тапсырып екеуміз бірге шықтық. Ол ауылдың таксиіне барамын деп вокзалға жүретін автобустың аялдамасында қалып қойды. Одан әрі білмеймін, – деді.

– Мүмкін бірге ішкен шығарсыңдар? Түнгі кезекте күдікті біреулер келмеді ме? Күзетілген нысанды тексеруіміз керек. Құрылғылар түгел ме екен? – деген тергеушілердің сөзі зәре-құтын қашырды Мақсоттың. «Базарбай жай адам болмады, мықты тірегі бар екен. Баяғыдан бері «старший охрана» болып алмай нағып жүр екен» деп те ойлап қойды.

Туыстарынан ақпарат жиналып, жоғалар күннің алдында ешқандай құдалықта болмағанын, жатақханадағы аспаздар сол күні кеште Базарбай терлеп отырып, екі кесе сорпаны қотара ішіп, түнгі кезекке деп нан мен шай салдырып алғанын, сөйтіп сөмкесін арқалап, сағат кешкі алтыларда жұмысқа кеткенін айтты. Бұл Базарбай шынымен тегін адам болмады. Қаладағы бүкіл бейнекамералардың архиві тексерілді. Істен шығып, қорабы ғана қалқиып тұрған бейнекамералар да бар екен, жөндеу жұмыстары жүргізілмеген деп жауаптылар қыстың қақ ортасында әбігерге түсті. Ауылға қатынайтын такси жүргізушілері бірінен соң бірі полицияға шақырылып, Базарбайға қатысы болмаса да көліктерінің құжаттары тексеріліп, бірінің төленбеген айыппұлдары үшін көліктері уақытша қамалды, бірінің құжаттары дұрыс емес болып, айыппұл салынды. Осы уақытқа дейін елеусіз жүрген бұл Базарбай енді назарға ілінгені былай тұрсын, біреулердің ызасына тиді. «Осыдан Базарбайды көрейінші», – деп кіжінді кейбіреуі. «Біреудің қолына кіріп алған шығар», – деген күдігін де жеткізіп үлгерді көрші әйелдер. Өз әйелінен басқаның бетіне қарап: «Мынау сұлу екен, мына әйелдің түрі мынандай екен деп»,– тіпті әйел затының арық, семіз, сұлу, аяғы қисық, қараторы немесе айдай аппақ болатынын да білмеген Базарбай енді аяқастынан әйелге қырындағыш болып өсекке де іліне бастады. Ал керек болса?

– Осыдан келсін… Көрсетейін мен саған! – деп қызғанды үйіндегі әйелі қыпқызыл ашуға булығып. «Бөтен қатынды асырап жүрген шығар», – деп отқа май құйғандардың сөзіне тіпті түтігіп отырған әйелі ақшасы түсетін кәртішкесі өзінде екені есіне түскен кезде ғана сабасына түсті. Кеше ғана вахтасы бітіп, жалақысы үйге жеткенімен Базарбайдың өзі жоқ болып отыр емес пе?

Иә, біреудің назарына, біреудің ызасына, біреудің қызғанышына ілініп Базарбайдың атағы сөйтіп, айналасы төрт күннің ішінде шыға келді. Бұл Базарбай дегенің осы уақытқа дейін үндемей жүргенімен барып тұрған бәле екен! Соңғы тұрған нүктесі – Әлиев көшесіндегі аялдама тұсындағы бейнекамераның ақпараты да дайын болды. Бақылаушы полицейге әр минут, әр секунд бөлшегін төртінші қаңтардан бастап бүгінге дейін қарау тапсырылды. Бір адамның қарап тауыса алмайтыны белгілі болған соң кезектесіп бақылауға төрт адам бөлінді. Президент сайлауы болады деп дүрлігіп, тайлы-тұяғы қалмай жұмыс штабына жұмылдырылып, кадр жетіспей жатқан қысылтаяң кездің өзінде Базарбай үшін бір көзі ғана бар камераға бақандай төрт адам жұмылдырылды. Иә, Президент сайлана жатар, бірақ Базарбайды табу маңызды бола түскендей ме?

Қараңғылықтың етегі шала түрілген қыстың алагеуім таңында бозарып Базарбайдың бейнесіне ұқсас бір нысан ілінді назарға.

– Базарбай Жеделбаевтың бейнесіне ұқсас. Сұр түсті күзет курткасы, қолтығында қысқан пакетке ұқсас заты бар бір адам аялдамадан көрінді. Уақыт төртінші қаңтар, сағат таңертеңгі сегіз он бес.

Рация безілдеп, хабарды минут сайын таратып жатты.

– Иә, бұл дәл өзі болуы мүмкін.

– Бақылау керек, мініп кеткен көлігі анықталса болды, табылады.

Камерадан көрінген бейне мынадай еді: күзет фирмасы беретін жұқа қолпылдаған сұр куртканың ішіне мыжырайып кіріп алып, құнысып, екі аяғын бір-біріне кезек соққылап тұрғанына шамамен қырық минут өтті. Қаланың жарық бергіш шамдары өше бастады, далаға жарық түсті. Объект әлі тұр. Міне, автобустар жүре бастады. Бірақ вокзал бағытына баратын он төртінші автобусқа мінбеді, өткізіп жіберді. Жанына құйрығы қалбалақтап бір қара ит келді. Отыра қалып иттің құлағын қасыды. Ит одан сайын еркелеп, арсаландап Базарбайдың ол жақ, бұл жағына шығып ойнақтай бастады. Бораны күні ит пен бала құтырады дегені рас-ау! Міне, бағдаршамды күтіп тұрып, жолдан өтуіне алпыс секунд берілсе де жүгіріп жолдың келесі бетіне шықты. Жанына ерген ит мұны басып озып, жолдың ар жағына бірінші шықты да, құйрығын бұлғаңдатып шыдамсыздана күтіп тұрды. Базарбай қолтығына қысқан қара пакетін ашып, бірдеме алды да итке лақтырды, тас емес, ас екені белгілі, ит лезде жерге түсірмей ауадан қағып алды. Жолдың жиегімен екі жүз метрдей ит екеуі бірге жүрді. Тоқтай қалып итке қарады. Бірдеме деп ақылдасқандай ишара жасады. Ит арсаландап қуана секірді. Жолдың жиегіндегі дүкеннің алдына келіп, екеуі қалқиып тағы он бес минуттай тұрды. Содан соң ит сыртта қалып, Базарбай ішке кіріп кетті. Дүкеннің алдында отырған қара ит құйрығын жерге шыдамсыз

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

сабалайды, күтіп отырған шығар. Көп күттірмей арада алты минут өткенде Базарбай шықты дүкеннен. Қолына ұстап шыққан пакеттен собалаңеткізіп бірдемені шығарды да, жартысын үзіп қара иттің алдына лақтырды. Шұжыққа ұқсайды. Ит тағы да қағып салды. Жеп болғанын күтіп Базарбай да тұрды қасында. Сағат тоғыз елу екіні көрсетті. Дүкеннің оң жағына шықты. Боран сол жақтан соғып тұр. Екеуі ық іздеді-ау. Дүкеннің сол жанынан басталатын асты ойыс, өзі биік жуан жылу құбырының астына қарай бүгежектеп кіріп бара жатқаны байқалды Базарбайдың. Артынан ілескен иттің құйрығы бұлғаңдап барып көрінбей кетті, шұңқыр тереңдеу болса керек. Әзірге камерадан өзге қозғалыс байқала қоймады. Сағат түскі он екіден жиырма минут кетті. Ит үш рет кіріп, үш рет шықты жылу құбырынан. Сағат кешкі бес нөл-нөл болды. Ит те шықпады, Базарбай да көрінбеді. Іңір тарта бастады. Көшенің шамдары жанды. Қайқиған ойнақы құйрығы бұл жолы сылбырай жер сызып қара иттің өзі шықты. Сағат жиырма бір нөл-нөл.

Қолына рациясын ұстаған жас полицей хабар таратты: «Іздестіру тобы Әлиев көшесінің сол жақ бетінің бойындағы «Жайық» дүкеніне қарай бағытталсын»… Дамылсыз жұмыс жасаған іздестіру тобының соңғы хабарламасы осы болды.

Иә, Базарбай төрт күн өткенде табылды. «Қоршаған ортаның ауа температурасы дене температурасынан төмен болуына байланысты…», – деп басталатын іс-қағаздары толтырылды. «Жедел іздестіру тобы жақсы жұмыс жасады. Арыз түскеннен бастап 12 сағатқа жеткізбей іздеудегі адам табылды. Жылдың басы жоғары көрсеткішпен басталды», – деп жұмыс тобының қолын қысты басшылары.

Екі қолын екі жағына қарай құлаштап жайған күйінде шалқасынан жатқан екен сабазың. Жұқа мақтадан тігілген сұр курткасының алдыңғы сырмасы жартылай ашылыпты. Аяқ жағынан табылған түбінде бір елідей арағы бар шыны шөлмек, бір қарыс шұжық айғақ зат ретінде тіркелді. Жымиып күлгені ме, әлде суыққа тоңған беті жансызданып езуін игеруге әлі келмеді ме, жұмылған көздеріне күлімдеген езуі бейне бір тәтті ұйқыда жатқан адамның бейнесін бере қалыпты. Суық алған беті көгеріңкіреп кеткені болмаса, өлген адам ретінде еш қорқыныш бермейді. «Ұйықтап кетіп, кері оянғанша суық алып кеткен жүрегі тоқтап қалып, еш бейнетсіз, қиналыссыз мына дүниеден кете қалған екен» деп ой шығарғың келеді мына бейнесін көргеннен кейін марқұмды азапқа қимай…

Иә, оны өзгелер де айтты.

– Сабыр ет. Қайта он екі мүшесі түгел табылғанына рахмет дейміз ғой. Ит-құс бет-аузын тырнап, аяқ-қолын жұлмалап, иә бірден табылмай әбден сүйегі сыдиып қалған азапты күйінде табылса қайтер едің? – деп жұбатты жоқтап сыңсыған әйелін өзгелер.

– Иә, тірі жанға зияны жоқтығының арқасы ғой, бір қарға келіп шоқымапты, – деп растады біреулері.

Төрт күн бойы ызғары сүйектен өтердей соққан боран бүгін бір көктемнің бас кезіндегідей әлсіз жылымық аралас дымқыл бу бүркіп, топырақтың өзі бусанып кішкентай төмпешік ауылдың шетінен орын тапты.

Жаназаға арналып асылған қазанның буы да аспанға жайбарақат тіп-тік будақтап жатты. Иә, қаңтардың ортасындағы аяз құрсанған ауа райы сол күні ерекше жылып кетті. Өне бойына мұз қатқан дала бусанып, талдың бұтақтарына көктемнің таңындағыдай шық тізіле қалды…

**Бақытгүл СӘРМЕКОВА**
**qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.**

# ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ



Әскер қатарына алынған Жайлау мектеп қабырғасында жүргенде тек жағырапия пәні арқылы танып-білгені болмаса, ауасын жұтып, суын ішемін деген ой түсіне де кірмеген сонау қиыр шеттегі Приморье өлкесінің Ольга ауданына орналасқан әуе шабуылына қарсы қорғаныс құрамынан бір-ақ шықты. Мұнда келгеніне екі айдың жүзі толар-толмас мезгіл өткенімен Жапон теңізінен соғар ызғырық желге де, екі күннің бірінде төпеп жауар қарға да бойы үйреніп, әскери өмірге тез төселіп алған. Әскери оператор мамандығына машықтандырушы бөлімше командирі сержант Цыганковтың ықылас құрметіне ие болып жүрген мұны бірде бөлімше бастығы капитан Осипов өзіне шақырып:

– Қатардағы жауынгер – Малдыбаев! Сен ертеңнен бастап «дембельге» кеткен жауынгердің орнына казармаға жылу беретін қазандыққа «қызметке» барасың. Жаңа мансабыңмен құттықтаймын! – деп мысқылдай күлді. Капитанның кем-сіткеніне намысы келіп, қаны басына тепкенімен амалсыздан дымы құрыған. Сөйтсе де:

– Құп болады, жолдас капитан! Кетуге рұқсат етіңіз? – деп кілт бұрылып шыға жөнелген. Алайда, капитан Осиповтың өзін әжуалаған мысқылы құлағынан кетпей, жүрегіне шемен болып қатып үлгерген болатын. Бірақ «битке өкпелеп, тонынды отқа тастама» дегендейін, өз міндетін мінсіз атқарып жүре берді. Ауық-ауық ауылды есіне алып, дос-жарандарын, әсіресе, Гүлбаршынды аң-сай сағынатыны болмаса көңіл-күйі бір қалыпты еді. Ара-тұра таяу маңдағы «Веселый Яр» қалашығына серуенге шығып тұратын. 23-ақпан мерекесі қарсаңында өзіне посылка келе қалғаны. Гүлбаршыннан екен. Қауынқұрт, қауынқақ, мейіз, жаңғақ, сары өрік, печенье-конфет деймісің бәрі-бәрін салыпты. Посылканың түбінен өзі қанша оқыса да құмары қанбайтын Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясы» мен Ілияс Есенберлиннің «Ғашықтар», «Айқас» атты қос романы енген кітабы шыға келгенде қуанғаны-ай. Өзге жауынгерлердің мұнымен ісі жоқ, посылканы орталарына алып мәре-сәре. Осы сәт казармаға капитан келе қалмасы бар ма. Бұлардың жанына жетіп келіп:

– Саяси сабақ неге өткізілмей жатыр? Мынау кімнен келген посылка? Жылан сияқты оралған мына бір нәрселер немене? Мынау не қылған «шарик?» – деп құртты қолына ұстап көрді де аузына салып жіберді.

Сосын:

– Тфу! – деп тыжырына аузындағыны қолына алып, есікке қарай атып жіберді.

– Жолдас капитан, мұныңыз қалай? Бұл сүт өнімінен жасалған құрт деген біздің халықтың ұлттық тағамының бір түрі. Ал мыналар қауын деген дақылдан дайындалған қауынқақ пен қауынқұрт, – деп өзін тежей сабыр сақтап түсіндіруге кірісken бұған капитан Осипов қабағын түйе:

– Дәрі еді, маған бұларың. Саяси сабақты неге бұзасың? Мынау не кітап? Көрсет, қане? – деп дүрсе қоя берді де қолындағы кітаптарды жұлып алып ары-бері қарады:

– Мұның орнына әскери «уставты» жаттағаның жөн болар. Екінші қайтара бұл кітаптарды қолыңнан көрсем, өз обалың өзіңе! – деді ызғар шаша. Сосын басқаларға:

– Ленин бөлмесінде саяси сабақ өткізіледі. Тез дайындалыңдар. Қазір старшинаны жіберемін, – деп шыға жөнелді. Жауынгерлердің бірі:

– Мінезі мінез емес. Осы бір капитансымақтан қашан құтылады екенбіз? – деді.

Бұл реніште өзге жауынгерлер қосылғандай сыңай байқатты. Жайлау бұл жолы да іштен тынған.

Күндер өтіп жатты. Бірде… Түн мезгілі. Қазандық орналасқан жайдың бүйіріндегі демалыс бөлмесінде «Ұшқан ұяны» беріле оқып отырған. Капитан Осиповтың кіріп келгені. Оның көзі дереу мұның қолындағы кітапқа түсті.

– Казарма салқын. Ал сен болсаң от жанында қаннен-қаперсіз кітап оқып отырсың. Әкел, өткен жолы ескертпеп пе едім?! – деп мұның қолындағы кітапты жұлып алып, сыртындағы әскери киімдегі Бауыржан Момышұлының суретін көре тұра қазандық есігін ашып, лапылдап жанып жатқан отқа лақтырып жіберді. Жаны шыға ышқынған бұл қазақшалап:

– О, әкенді.., – деп капитанның иығынан жармаса бергені сол еді ол тапаншасын суырып алып:

– Жаныңды жаханнамға жөнелтпесем бе осы, – деп ызғар шаша кезене бергенде бірге кезекшілікте жүрген майор Дубков ішке кіріп келіп, оның қолындағы тапаншаны жоғары қарай көтеріп үлгерді. Оқ тарс ете қалды. Мұны орнынан тұрғызып, мән-жайды сұрап білген ол капитанға бұрылып:

– Сіз қандай ағат іс жасағаныңызды білесіз бе? Бұл үшін әскери трибуналға кететініңізді есіңізден шығармаңыз. Ал енді менің көз алдымда кешірім сұрауыңызды бұйырамын! – деді қатулы дауыспен.

– Кешіргейсің! Кінә менен. Ағат кетіппін, – деп капитан честь берді де сыртқа қарай беттеді.

…Көктем күндерінің бірі болатын. Округтен жауынгерлердің жалпы тазалығын тексеру мақсатымен комиссия келе қалды. Олардың ішінде мұның ескі «досы» капитан Осипов та жүр. Жауынгерлердің киген киімінен бастап төсек-орнын, тіпті дене, тән тазалығын тексермек көрінеді. Әлдебір қауіпті сезгендей Ілияс Есенберлиннің кітабын киімінің ішіне тыға қойды. Сәлден кейін казарма ішінде бұларды сапқа тұрғызып, киімдерін, содан соң дене, тән тазалығын тексере бастады. Кезек бұған да келіп жеткен. «Шешінсем, тыққан кітабымды көріп қояды» деген сақтықпен:

– Жолдас капитан, осыдан екі күн бұрын ғана моншаға түсіп, ішкиімімді ауыстырған болатынмын. Шешінбеуге рұқсат етіңіз? – деп өтінгені сол еді капитан Осипов:

– Бұйрық талқыланбайды. Бол, қане! Шешін! – деді жекіре. Жайлау амалсыздан көнген.

Осы сәтте мұның не себепті шешінгісі келмей тұрғанына енді ғана көзі жеткен ол мұның қойнына қыстырған кітабын жұлып алып, жерден жеті қоян тапқандай комиссия жетекшісіне жетіп барып:

– Жолдас полковник, қатардағы жауынгер «устав» жаттаудың орнына кимнің ішіне жасырып мынадай кітаптар оқумен шұғылданып жүр. Бұл үшін қандай шара қолданған жөн деп санайсыз? – деді.

Полковник кітапты қолына алып:

– Бұл автордың еңбектерін оқығаным бар. Тамаша жазушы. Ал сізге айтарым, жолдас капитан, жауынгерлердің тән тазалығына ғана емес, жан тазалығына да мән беріп жүргеніңіз жөн, – дегенде Жайлаудың көзіне жас іркілді.

Бұл қуаныштың жасы еді. Ол әскери тәртіпті жөнсіз, қаталдықпен, тіпті қатыгездікпен ұштастырғысы келетін, өзінен шені төменді таптауға, қорлауға, оның талғам-тілегімен санаспауға үй-ренген Осипов қана емес, мейірбан, адамгершілігі мол мына полковник-майор Дубковтай жақсы адамдардың барына керемет қуанған болатын…

**Бекен ЕЛУБАЙҰЛЫ**
**qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРОИСШЕСТВИЯ

# МОЛНИЯ УБИЛА СТАДО ИЗ 250 ОВЕЦ НА ПАСТБИЩЕ НА ИССЫК-КУЛЕ

***НАКАНУНЕ ВЕЧЕРОМ НА ОДНОМ ИЗ ГОРНЫХ ПАСТБИЩ ТОНСКОГО РАЙОНА ИССЫК-КУЛЬСКОЙ ОБЛАСТИ В КЫРГЫЗСТАНЕ МОЛНИЯ УБИЛА 250 ОВЕЦ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ МЧС СТРАНЫ.***



Инцидент, как сообщает пресс-служба МЧС Кыргызстана в Instagram-аккаунте, произошел накануне, 7 июля, в 17:00 по местному времени.

На место происшествия были направлены и работают сотрудники гражданской обороны и МЧС.

В июле прошлого года табун лошадей погиб от удара молнии в Жамбылской области. Инцидент произошел в горной местности близ села Теренозек. От удара молнии погибли 26 лошадей.

На официальном сайте одного из региональных ДЧС сообщается, как вести себя во время грозы и молнии и чем опасны для человека данные природные явления.

Мгновенный удар молнии может вызвать паралич, глубокую потерю сознания, остановку дыхания и сердца. При поражении молнией на теле пораженного остаются специфические ожоги в виде красноватых полос и ожогов с пузырями.

Чтобы не пострадать от попадания молнии, необходимо знать и соблюдать некоторые правила поведения во время грозы:

– во время грозы стоит избегать открытой местности. Молния, как известно, бьет в самую высокую точку, одинокий человек в поле – это и есть та самая точка. Если Вы по какой-то причине остались в поле один на один с грозой, спрячьтесь в любом возможном углублении: канавке, ложбинке или самом низком месте поля, сядьте на корточки и пригните голову;

– во время грозы избегайте воды, так как она отличный проводник тока. Удар молнии распространяется вокруг водоема в радиусе 100 метров. Нередко она бьет в берега. Поэтому во время грозы необходимо подальше отойти от берега, нельзя купаться и ловить рыбу;

– очень опасно во время грозы разговаривать по мобильному телефону. Лучше всего во время грозы мобильники выключать. Были случаи, когда входящий звонок становился причиной попадания молнии;

– при грозе желательно избавиться от металлических предметов. Часы, цепочки и даже раскрытый над головой зонтик – потенциальные цели удара.

Молния в лесу практически никогда не бьет в землю, за исключением полян, ибо деревья являются естественными громоотводами, причем вероятность попадания молнии в конкретное дерево прямо пропорциональна его высоте. Поэтому держитесь подальше от высоких деревьев. Самый верный вариант – усесться между низкорослыми деревьями с густыми кронами.

Машина достаточно хорошо защищает находящихся внутри людей, поскольку даже при ударе молнии разряд идет по поверхности металла. Поэтому если гроза застала вас в машине, закройте окна, отключите радиоприемник, сотовый телефон и GPS-навигатор. Не следует дотрагиваться до ручек дверей и других металлических деталей.

Велосипед и мотоцикл в отличие от машины от грозы вас не спасут. Необходимо слезть, уложить транспорт и отойти на расстояние примерно 30 м от него.

ЗДОРОВЬЕ

# ИДЕАЛЬНЫЙ НАПИТОК ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ СЕРДЦА



***Ученые университета Нового Южного Уэльса в Австралии провели исследование и выяснили, что чай является самым лучшим напитком для здоровья сердца. Результаты исследования опубликованы в журнале Current Developments in Nutrition, передает Tengri Life со ссылкой на газету The Sun.***

Исследователи изучали воздействие на организм шести популярных напитков- чая, кофе, алкоголя, газировки, энергетиков и фруктовых соков. Чай оказался единственным напитком, который оказал стабильное положительное влияние на здоровье сердца у представителей обоих полов.

У людей, которые длительное время (десятилетия) пили чай, риск внезапной смерти от сердечно-сосудистых заболеваний был снижен на 19 процентов.

Похожим эффектом снижения риска сердечных заболеваний обладает и кофе, однако, как выяснили авторы работы, этот эффект проявляется в основном только у мужчин.

Что касается газированных напитков и алкоголя, то они, наоборот, увеличивают риск сердечных заболеваний.

По словам диетолога Кэрри Ракстон, каждая дополнительная кружка чая в день снижает риск преждевременного летального исхода от сердечно-сосудистых заболеваний на четыре процента. В связи с этим, считает доктор, важно развивать привычку пить чай с раннего возраста.

СОВЕТЫ ВРАЧА

# ЧТО НЕЛЬЗЯ ЕСТЬ И ПИТЬ В ЖАРУ

***ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ ДИЕТОЛОГИИ РОССИЙСКОГО БИОТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА, ДОКТОР МЕДИЦИНСКИХ НАУК АЛЕКСЕЙ БЕРЕЗНИКОВ В ИНТЕРВЬЮ РИА НОВОСТИ ДАЛ НЕСКОЛЬКО РЕКОМЕНДАЦИЙ ПО ПИТАНИЮ И УПОТРЕБЛЕНИЮ НАПИТКОВ В ОЧЕНЬ ЖАРКУЮ ПОГОДУ.***



*«В жаркую погоду, когда на улице больше 22−25 градусов, необходимо соблюдать питьевой режим и выпивать 2,5−3 литра жидкости. Если человек занимается спортом, то ему рекомендуется выпивать еще больше жидкости – около четырех литров»,* – заявил специалист, подчеркнув, что рекомендации не касаются людей, которые имеют сердечную недостаточность и заболевания почек – для них питьевой режим выглядит иначе.

Врач рекомендует избегать употребления очень соленых и сладких напитков, поскольку они вызывают еще большую жажду. Лучше всего пить простую воду (с газом или без), воду с лимоном, сильно разбавленные соки, морсы или вино.

*«Во время жары откажитесь от крепких алкогольных напитков: их воздействие меняет реакцию организма на высокую температуру. Также не стоит злоупотреблять крепким кофе – он может негативно влиять на сосуды и сердце. Из продуктов нужно исключить острую и соленую пищу, соленья. Такая еда, так же как и васаби, чеснок, хрен, перец и другие острые приправы ведут к повышению температуры тела, еще большему потоотделению и обезвоживанию»,* – предупредил эксперт.

Белковая пища – жареное мясо, особенно свинина, птица и рыба, а также картофель и бобовые долго переваривается, требует дополнительных затрат энергии и времени. Эта дополнительная нагрузка на организм может привести к перегреву и ухудшению самочувствия, поэтому лучше выбирать некалорийную еду: легкие овощные салаты, супы на кефире, айране, свекольном отваре, холодные и горячие закуски, считает Березников.

Желательно избегать сладостей и скоропортящихся продуктов, если нет возможности соблюдать условия хранения.

*«В жару не стоит употреблять многокомпонентные салаты и салаты с различными заправками – при высокой температуре сроки хранения резко сокращаются, а в такой еде быстро размножаются патогенные бактерии, что чревато отравлениями и различными инфекционными заболеваниями»,* – заявил РИА Новости диетолог.

***Спорт в жару***

Любителям физических упражнений в жаркую погоду, лучше отказаться от тренировок на открытом воздухе в дневное время. Также следует избегать высокоинтенсивных тренировок: силовых упражнений, воркаута, кроссфита, бега.

*«В жару организм быстрее устает и возрастает риск теплового удара. Лучше отдать предпочтение йоге, упражнениям на координацию и растяжку. Нельзя во время тренировок забывать про воду, лучше пить минеральную»,* – посоветовал Березников.

Необходимо прислушиваться к организму и на рабочем месте. В помещении с кондиционерами не стоит ставить температуру ниже 23−25 градусов: при выходе на улицу резкий перепад температуры негативно скажется на самочувствии. *«Избегайте синтетических тканей и излишне утягивающей одежды, которая препятствует естественному испарению и охлаждению тела»,* – подытожил эксперт.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

# РОБОТОТЕХНИКА ЧЕМПИОНАТЫНАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ



**БЕЙЖІҢДЕ ӨТКЕН FIRST LEGO LEAGUE РОБОТОТЕХНИКА БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНАТ АЯҚТАЛДЫ. ЧЕМПИОНАТҚА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ҚОНАҚ РЕТІНДЕ ҚАТЫСТЫ.**

Оқушылар «Өнердегі инновация» тақырыбында LEGO-дан робототехника әзірлемелерін даярлап, фокустар көрсету бағдарламасы орнатылған интерактивті роботтар құрастырды. Үш күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 6-10 жас аралығындағы 238 команданың арасында күміс жүлдеге қол жеткізіп, екінші орынды иеленді.

Дәл осы күні Алматы қаласының жас инженерлері Сиднейде First Lego League Challenge санатындағы Asia Pacific Open Championship чемпионатында беделді Motivate Award жүлдесін жеңіп алды.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

# ОЛҚЫЛЫҚТАР ОРЫН АЛМАСА...

***ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛЫП, ҚАЗАҚ ТІЛІМІЗ МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕГЕ ИЕ БОЛҒАЛЫ БЕРІ ОҒАН ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ, ҚОЛДАУ БАРЫНША КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ. БІРАҚ ТЕК ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕ АЛУМЕН ІС БІТПЕЙТІНІ БЕЛГІЛІ.***

Қазақ тілі мемлекеттік өмірдің барлық үдерісін қамтитын жұмыс тілі болуға тиісті және мемлекеттік органдар мен ұйым, мекемелердің қолданыстағы басты тілі болуы керектігіне байланысты тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл үйрету, іс қағаздарын ана тілімізде жүргізу және тағы да басқа мәселелерді шешу жайында айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Демек, мемлекеттік тіл мәселесі мемлекеттік деңгейдегі міндет ретінде ресми және заңнамалық жағынан толық мойындалуды, мемлекеттік тілді дамыту мәселесі мемлекеттік жалпы міндет ретінде мемлекеттік органдарға талап қоюды қажет етеді. Бұл тұрғыда қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастырыла түсуде. Оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту міндеті де жүктеліп отыр. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың мына бір сөздері де осы ойымызға нақты дәлел болып отыр. *«Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады»,* – деп атап көрсеткен еді Президент.

Ендеше, осы маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір отбасы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Сондықтан мемлекеттік тілді сот саласындағы қолдану аясын да барынша арттыра түсу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланған жөн деп ойлаймын. Өйткені сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Демек, әркім өзінің конституциялық құқықтарын дұрыс пайдаланып, жақсы білетін ана тілінде, яғни қазақ тілінде арызын беретін болса, соттағы іс сол тілде жүргізіледі. Ал көбіне қарапайым адамдар заңгерлердің, полиция қызметкерлерінің жетектеріне еріп кетіп, меңгермеген тілінде толтырылған құжаттарға қол қоя беретіні құпия емес. Міне, осындай олқылықтар орын алуына жол берілмесе сот саласында қазақ тілінде өтетін істердің үлесі де арта түсер еді. Сонда істің ілгері басары даусыз.

**Самал КАЛИМОЛДИНОВА,**
**Талдықорған қалалық сотының судьясы.**

МАМАН МІНБЕРІ

# ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ ЖАЙЛЫ

***Қазіргі заманда қарапайым халықтың құқықтық сауатының төмен болуына байланысты көптеген түсініспеушіліктер кездесіп жатқаны құпия емес. Соның бірі жеке сот орындаушысының өз міндетін орындауына құлақ аспай, кедергі келтіріп, тіптен, олардың тарапынан жасалып отырған әрекеттерді заңсыз деп санап, сотқа беріп, созбалаңға салып, әуре сарсаң турдырып жатқан жағдайлар да аз емес. Сондықтан жеке сот орындаушысы жайлы, олардың құқықтары мен міндеттері жайлы тағы да қысқаша түсіндіре кетсек арттық болмас.***

Соңғы бірнеше жылдан бері еліміздің сот, құқық саласында оңды реформалар жүріп жатыр. Қазір бұл өз жемісін беріп жатқаны қоғамдағы өзгерістерден де байқалып отыр. Атап айтсақ, сот саласының кейбір қызметі бүгінде жекеге берілуде. Ол қандай сала? Атап айтқанда, жеке сот орындаушылардың қызметі. Ал құқықтың бұл саласы неліктен жеке сот орындаушыларына берілді.

Бұған дейін бұл сала мемлекеттік сот орындаушыларында болды ғой, ал жекенің қандай артықшылықтары бар? Салыстармалы түрде айтар болсақ, мемлекеттік сот орындаушысы – сот шешіміне сәйкес атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындауға бағытталған шараларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызметте тұрған және өзіне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын лауазымды адам. Жеке сот орындаушысы (ЖСО) – уәкілетті орган берген атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия негізінде заңды тұлға құрмай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау бойынша жеке практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы. Сот орындаушысы сот шешіміне сәйкес атқарушылық құжатқа сәйкес қана әрекет етеді.

Жеке сот орындаушыларының алғашқы легі 2011 жылы пайда болса да, 2016 жылдың бастап соттардың қызмет көрсету, талап ету туралы құжаттарының басым бөлігі жеке сот орындаушыларының құзырына берілді. Содан кейін барып жеке сот орындаушы қызметіне қарай ойысатындардың саны арта бастады.

Жеке сот орындаушылары ешкімге тәуелді емес. Олар тек қана заңға бағынады, заңның аясында ғана сот шешімдерін жүзеге асыруға тырысады. Орындайтын қызметіне сәйкес қалыптасқан жағдайдың өзі жеке сот орындаушыларына қатал, талапшыл болуды қажет етеді. Сондықтан жеке сот орындаушылары қатал болып көрінуі мүмкін. Бірақ олар да – адам. Соттың ақырғы шешімі шықты ма, ол сөзсіз орындалуы керек. Сондықтан жеке сот орындаушылары да көп жағдайда заңның орындалуы үшін борышкерден мүліктің немесе қарыздың қайтарылуын талап етеді. Олар істі неғұрлым тез әрі жедел аяқтаса, өзіне жақсы. Қайтарылған құнның білгілі бір пайызын өзіне алып отырады. Сондықтан да олар істі жедел шешуге немесе аяқтауға тырысады. Бұл бір жағынан мемлекеттік орындаушыларға жақсы. Өйткені кешегі күнге дейін олардың жүктемесі көп болып келді. Олар сот шешімдерін аяқтап үлгере алмайтын. Ал жеке сот орындаушыларының жұмысы жүзеге асқалы бері олардың жұмысы сәл де болса жеңілдеді. Сот саласындағы екі жүйенің қатар орнауы қазіргі уақытта мемлекетке де тиімді болып тұр. Өйткені жеке мен мемлекеттік сот орындаушылары саласында бәсекелестік күшейді.

**Айгерім АСБЕКОВА,**
**Жетісу облысының жеке сот орындаушысы.**

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ

# ӘСКЕРИ ДӘРІГЕР – ЖАУАПТЫ МАМАНДЫҚ

***Дәрігер – адам өмірі үшін жауапкершілік алып, оның денсаулығына алаң болып жүретін бірден-бір мамандық иесі. Өз ісін сүйіп, халқына адал қызмет етіп жүрген ақ халатты жандарды қанша дәріптесек те артық етпейді.***

Адам жанына араша түсіп жүрген абзал жандардың бірі – Жетісу гарнизонындағы әскери госпитальдің емхана бөлімшесінің бастығы медицина қызметінің капитаны Ерлан Жұмагелдиев. Ерлан Қабылбекұлы 1991 жылы Жетісу облысы Көксу ауданына қарасты Алғабас ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда өзінің әскери дәрігер қызметін абыроймен атқарып жүр.

Бала кезінен дәрігер болуды армандаған Ерлан Жұмагелдиев 2008 жылы мектеп бітіріп, осы жылы Түркия Республикасы медицина ғылымдары университеті «Гюльхане» медицина факультетіне түсіп оны 2017 жылы медицина докторы ғылыми дәрежесімен табысты аяқтап шығады.

2017-2019 жылдар аралығында Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылындағы 99116 әскери бөлімінде медицина взводының командирі лауазымында болған. 2020-2021 жылдары Алматы облысы Қонаев қаласындағы Қазақстан бітімгершілік полкі медицина ротасы медицина взводының командирі қызметін атқарған. Бітімгершілік полкінде жүріп 2020 жылы жарты жыл Ливан Республикасында бітімгершілік миссиясында болып келген. 2021 жылы Талдықорған қаласындағы 48386 әскери бөлімінде аға офицер-медицина қызметінің бастығы болып, 2023 жылы Талдықорған қаласындағы әскери госпитальға ауыстырылып, қазіргі таңда емхана бөлімшесінің бастығы лауазымында қызметін үлкен жауапкершілікпен атқаруда.

Ерлан Жұмагелдиев мінсіз қызметі үшін 2 және 3 дәрежелі және бітімгершілік операциясына қатысқаны үшін медальдарымен наградталған сонымен қатар қызметтегі жетістіктері үшін көптеген алғыс хаттың иегері.

Айта кетсек, әскери госпиталь бірінші медика-санитарлық көмек және стационарлық көмек көрсетеді. Госпитальда қабылдау бөлімі, емхана бөлімі, хирургия, терапия, реаниматология және анестезиология бөлімі бар. Госпиталь 85 төсекке арналған онда 21 дәрігер, оның ішінде жоғары санатты 8 дәрігер, 39 медбике, оның ішінде 8 жоғары санатты медбике науқастарға қызмет көрсетеді.



**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖОБА АЯСЫНДА

# ӘДЕБИ-МУЗЫКАЛЫҚ КЕЗДЕСУ



**«ЖЕТІСУ – КІТАП КЕРУЕНІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТЕКЕЛІ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ «ТЕКЕЛІМ – ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ» АТТЫ ӘДЕБИ-МУЗЫКАЛЫҚ КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.**

Республика көлемінде кең қолдауға ие болған жобаның мақсаты – жергілікті ақын, жазушы, композиторлардың еңбектерін насихаттау, көпшілікті кітап оқуға тарту. Аталған шараға қонақ ретінде Жетісу облысының С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының директоры Самал Қанатханқызы және Панфилов аудандық кітапханасының директоры Дария Бекжігітқызы қатысып, «Жетісу – кітап керуені» жобасы аудан-қалалардың рухани байланысын нығайта түскенін тілге тиек етті. Олар Текелідей құтты мекеннің табиғат сыйлаған тамашасына тамсанды, кітапханашылардың еңбегіне оң баға берді. Мәдени іс-шарада ақын, жазушы, публицист Сәбит Биболов және композитор Мэлс Керейбаев кітаптың қадірін арттырып, өскелең ұрпақты рухани дүниеге бет бұрғызатын жобаға ризашылықтарын білдіріп, өз шығармашылықтары туралы әңгіме қозғады.

Кітапханашылар көпшіліктің назарын «Туған жердің бастауы» атты кітап көрмесіне аударып, жергілікті ақын-жазушылардың кітаптарымен таныстырды. Рухани байлықты арттыра түсетін дәстүрлі «Алтын қорға үлес қос» акциясы да ұмытылмады. Панфилов аудандық кітапханасы мен Текелі қалалық кітапханасы бір-біріне жергілікті қаламгерлердің кітаптарын сыйға тартты. Қалалық кітапхана директоры Рахила Кушекпаева жаркенттік қонақтарға ыстық ықыласын жеткізіп, екі жақтың бір-біріне сыйлаған кітаптары оқырманын тауып, руханиятқа қызмет етуін тіледі.

Мәдениет үйінің өнерпаздары әдеби-музыкалық кездесуді мазмұнды әндермен әдіптеп, көңілді көтерді.

**Т. ТҰРЛЫБАЕВА.**
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

БРИФИНГ

# БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ

## журналистер мектебі ашылады

***Жетісу өңірінде журналистика саласын дамыту мақсатында алдағы уақытта есімі елге танымал журналист Бейсен Құранбектің есімімен аталатын арнайы мектеп ашу жоспарлануда. Бұл туралы Журналистер үйінде өткен брифингте белгілі болды.***



Баспасөз мәслихатында ағымдағы жылы жоба аясында 150 журналист кәсіби біліктілігін арттыратыны, бұл өңірдің медиа саласындағы жас мамандарды даярлау бағытындағы жақсы бастаманың біріне айналатынын айтты жоба үйлестірушісі.

Бастама Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы мен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен «Аяулы ала-қан» қоғамдық қорымен ұйымдастырылған. Әлеуметтік жоба өңірдегі БАҚ өкілдерінің, баспасөз қызметкерлері, блогерлер мен журналист-студенттердің кәсіби және сараптамалық әлеуетін білік-тілігін арттыруға, облыста өңірлік журналистер пулын құруға бағытталады.

«Аяулы алақан» қоғамдық қорының қоғаммен байланыс бөлімінің маманы Жансерік Байденовтың айтуынша, оқыту бағдарламасы кезең-кезеңмен «Медиа сауаттылық, медиа этика», «Дата журналистика и фактчекинг» «Мультимедиялық журналистика», «Мобилография негіздері», «Копирайтинг» бағыттары бойынша оқыту курстары бойынша ұйымдастырылады. Оқыту курсының тыңдаушылар арасында 10 адамға «Үздік журналистикалық сараптама жұмыстарының авторы» ретінде 20 мың теңге ақшалай сыйлықтар және диплом беру қарастырылған. Жалпы жүлде қоры 200 мың теңге.

Жобаның тағы бір маңызды тұсы 100 мың теңге көлемінде Бейсен Құранбек атаулы бір реттік шәкірт ақысын тағайындау болып табылады.

Жоба үйлестірушісі Ақжелең Рахатдинқызының сөзінше, Б. Құранбек атындағы журналистер мектебін құру танымал журналист туралы естеліктерді сақтап қана қоймай, қоғам игілігіне қызмет ететін жаңа кәсіби журналист мамандарды әзірлеуге жол ашпақ.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# «ALAKOL FEST – 2024» МУЗЫКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

**20 ШІЛДЕДЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АЛАКӨЛ АУДАНЫ, АҚШИ АУЫЛЫНДА КӨПТЕН КҮТКЕН АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ «ALAKOL FEST – 2024» МУЗЫКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ.**




Бұл іс-шара Алакөл көлінің жағасында демалуға және жазғы кештерден ләззат алуға ниет білдіргендердің барлығына ұмытылмас демалыс жасауға арналып отыр. Шара аясында еліміздің эстрада әртістері өнер көрсетеді. Атап айтсақ, Әділ Жалмағамбетов (Adil) Еңлік Құрарбек (Yenlik), Луиза Каринбаева (Luina), Айгерім Рақышева (Aygee). Кештің музыкалық көңіл-күйі үшін жауапты DJ SlimKz. Ал айтулы фестивальді жүргізетін Еркебұлан Мырзабек пен Марат Оралғазин.

Фестиваль алаңында қонақтар кешті толықтай тамашалай алатындай түрлі тағамдар, азық-түлікті сауда алаңдары ұйымдастырылады.

Қосымша ақпаратты +7 707 466 4878 байланыс нөміріне хабарласып алуға болады.

АКЦИЯ АЯСЫНДА

# ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН АШЫЛДЫ

***Астана күні мерекесі қарсаңында Алакөл ауданының Ақжар ауылдық округіне қарасты Қоңыр ауылында жаңадан салынған блок-модульді медициналық нысанның құрылысы аяқталып, ауыл тұрғындарына қолданысқа берілді. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.***

Шараның ашылу рәсімінде аудан әкімінің орынбасары М. Төлеужанов ауыл тұрғындарын құттықтады. Еңбек ардагері Қ. Тастанбеков ақсақалдың бата тілегімен лентасы қиылды.

Блок-модульді медициналық нысанды Алакөл ауданы әкімі аппаратының тапсырысы негізінде мердігер «QazDamuConstruction» ЖШС 33 млн. теңгеге салған. Нысанның жалпы аумағы 103 шаршы метрді құрайды, ғимаратта 6 бөлме бар. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Бір мезетте 15 емделушіге алғашқы медициналық көмек көрсетуге болады. Сонымен қатар, екпе егу, скрининг, акушерлік және ЭКГ аппаратымен жүрек қағысын тексеруге, жедел және шұғыл медициналық көмек қызметтерін көрсетуге мүмкіндік бар. Мекемеде штаттық бірлікке сәйкес 3 қызметкер еңбек етеді.

Алакөл ауданы әкімдігінің мәліметінше, былтыр Алакөл ауданындағы елді мекендерде заманауи үлгідегі 1 фельдшерлік акушерлік пункт, 2 медициналық пункт, 3 блок-модульді кешен салынып, халыққа сапалы қызмет етуде.

Жетісу облысында денсаулық сақтау саласындағы инфрақұрылымды дамыту мақсатында биылдың өзінде 94 нысан тұрғызылады, соның 59-ы «Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы шеңберінде салынады. Сол қатарда дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт, медпункт бар. Бұл ретте нысандардың 27-сі блокты-модульді құрылыс болады.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИАЦИЯ

# ОСОБЕННОСТИ РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ МИРНЫМ ПУТЕМ

***Медиация - процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.***

С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

**Сәтжан СЕЙІТКЕРІМ,**
**старший судебный пристав**
**Коксуского районного суда.**

КОРЫСТНОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ

# ВЫМОГАТЕЛЬСТВО

**Вымогательство относится к числу корыстных преступлений против собственности. В соответствии статьи 194 Уголовного кодекса Республики Казахстан вымогательство, то есть требование передачи чужого имущества или права на имущество или совершения других действий имущественного характера под угрозой применения насилия либо уничтожения или повреждения чужого имущества, а равно под угрозой распространения сведений, позорящих потерпевшего или его близких, либо иных сведений, оглашение которых может причинить существенный вред интересам потерпевшего или его близких наказывается штрафом в размере до четырех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до одной тысячи часов, либо ограничением свободы на срок до четырех лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества или без таковой.**

Предметом вымогательства являются: чужое имущество (вещи, деньги, в том числе, иностранная валюта, ценные бумаги, объективированные результаты творческой интеллектуальной деятельности, фирменные наименования, товарные знаки и иные средства индивидуализации изделий); право на имущество (завещание, страховой полис, расписка, договор, доверенность на получение тех или иных ценностей, различных видах ценных бумаг и иного документа, дающего ему право на получение имущества) или совершение других действий имущественного характера (услуги неэквивалентного содержания, например, якобы за «охрану помещения», за «содействие» в реализации продукции, уничтожение долговой расписки, отказ от долга в общем имуществе, снижение процентных ставок, производство каких-либо работ и т.п.).

Вымогательство считается оконченным в момент предъявления потерпевшему имущественных требований, соединенных с соответствующими угрозами, независимо от того, достиг виновный желаемой цели, получил требуемого имущества, права на имущество или добился совершения потерпевшим действий имущественного характера.

При квалификации действий виновного лица как вымогательство следует устанавливать конкретный вид угрозы, предусмотренный в диспозиции закона, имея в виду, что потерпевшим от угрозы вымогателя может быть как собственник или лицо, в ведении или под охраной которого находится имущество, так и их близкие. Форма выражения угрозы для квалификации вымогательства значения не имеет (устная или письменная, высказанная лично или через посредника, сформулированная откровенно или в завуалированной форме), однако, ее содержание должно быть воспринято потерпевшим однозначно в соответствии с ее фактическим смыслом.

Для квалификации действий вымогателя несущественно, кем может быть реализована эта угроза: им самим или его соучастниками.

Как вымогательство под угрозой применения насилия следует понимать действия, выражающие намерение оказать принудительное психологическое воздействие (угроза лишить жизни, причинить тяжкий, средний или легкий вред здоровью, совершить изнасилование или иные насильственные действия).

**Ержан ЖАНУЗАКОВ,**
**председатель СМУС**
**Алматинской области.**

ЛЮБОПЫТНО

# ПОЧЕМУ В ШОТЛАНДИИ МУЖЧИНЫ НОСЯТ ЮБКИ?

**Один из символов Шотландии — мужчина в клетчатой юбке с волынкой в руках. Зачем шотландцы носят этот наряд, разбирался aif.ru (источник: www.globallookpress.com/ MarkusKeller).**



***Чем килт отличается от юбки?***

Если говорить правильно, то шотландцы носят не юбку, а килт – предмет мужской шотландской национальной одежды. Появление килта в мужском гардеробе связано с историческими и культурными традициями Шотландии.

Килт – это накидка из пледа, обычно шерстяного, которая носится на теле и закрывает нижнюю половину тела.

То есть, по сути, это просто кусок ткани, обёрнутый вокруг талии, плиссированный сзади и закреплённый с помощью 2-3 пряжек и ремешков. Это отличает килт от обычных юбок, состоящих из отдельных деталей, которые сшиваются друг с другом.

Килт крепится на поясе, который завязывается вокруг талии и закрепляется специальными шпильками или пряжками. Пояс придает килту устойчивость и поддержку. Обычно шотландцы надевают на пояс специальную сумочку для мелких вещей – спорран.

***Когда юбки-килты появились в мужском гардеробе***

Килты шотландцы носят давно. В местечке Нигг находится камень, который археологи датируют VII веком нашей эры, на нем изображен шотландский воин в кильте.

Этот элемент мужского гардероба впервые появился в качестве практичной одежды для шотландских горцев. В XVI веке килт представлял собой длинный лоскут ткани, который можно было использовать не только как одежду, обматывая вокруг тела до самых пяток, но и как плед, чтобы укрыться в холодную ночь, и даже как заплечный мешок для переноски тяжелых предметов. Такое многофункциональное применение было необходимо в условиях переменчивого климата и суровой местности Шотландии, где погода меняется достаточно быстро.

В XVII-XVIII вв.еках появился прообраз современного килта, напоминающий юбку. Тогда горцы занимались выплавкой железной руды. Это был тяжёлый труд. Горцам оказалось неудобно работать в длинных накидках, поэтому шерстяную ткань пришлось укоротить, а заодно собрать в складки. Да, шотландские килты обычно имеют плиссированные складки на задней части, что делает одежду более объемной и удобной для движения.

Получившийся вариант килта назвали «малым». Именно он стал прародителем современных военных килтов, которые надевают солдаты шотландской армии. Также «малый» килт носят и в повседневной жизни. Килты могут быть использованы как формальная одежда на особых мероприятиях, таких как свадьбы или национальные праздники.

***Что означает узор на килте?***

Тартана – это традиционный шотландский узор, который представляет собой клетчатый дизайн различных цветов. У каждого клана и семьи в Шотландии есть свой уникальный тартана, что делает килты индивидуальной одеждой и добавляет символизма.

Помимо обозначения семейной или клановой идентичности, узоры на килтах могут также иметь религиозное или символическое значение, представляя определенные ценности или идеалы. Таким образом, килт служил не только практичной одеждой, но и способом демонстрации своего статуса.

В древние времена слуги носили «юбки» из одноцветного тартана, воины – из трехцветного, глава клана имел право носить клетчатый килт из пяти цветов, а король – из семи.

В общем смысле, узор на килте может быть просто декоративным элементом, который добавляет красоты и оригинальности этому традиционному шотландскому национальному одеянию.

***Почему шотландцы до сих пор носят юбки?***

Носить килт для мужчин в Шотландии – не только уважение к традициям своей страны, но и предмет гордости. Многие мужчины носят их, чтобы продемонстрировать свою привязанность к шотландским корням. Килты надевают на торжественные мероприятия, парады, фестивали.

В Шотландии регулярно проводятся традиционные «игры горцев». Это спортивные соревнования, где участники носят килты. В них мужчины метают камни, брёвна, перетягивают канат и танцуют. Главный смысл таких игр – поддержание традиционных музыки и видов спорта.

Также есть версия, что в 1746 году англичане, желая унизить и покорить шотландцев, выпустили указ: всем шотландцам носить в обязательном порядке брюки. А всех, кто не носит – сажать в тюрьму. Килт мог полностью исчезнуть, но суровые горцы проявили тонкое чувство юмора. Они стали носить штаны с собой, в рюкзаках, а сами при этом облачались в килты. С тех пор килт стал символом шотландской гордости и непоколебимого духа.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЛАМАН

# ОЛИМПИАДАДАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

***Францияның Париж қаласында жалауы желбірейтін XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында астаналық спортшылар да бақ сынайды. Төрт жылда айналып соғар аламанға елордадан аттанатын спортшыларымыздың есімдеріне бір үңіліп көрелік.***



Бокстан еліміздің ұлттық құрамасы Париж олимпиядасына толық құрамда қатысады. Жеті салмақ бойынша өтетін аламанда жеті ноянымыз бар. Солардың ішінде екі боксшы елорда атынан додаға қосылады. Нұрбек Оралбай 80 кг салмақ дәрежесінде жазғы Олимпиада ойындарының алтыны үшін барын салуға сендіріп отыр. Былтыр көктемде Ташкентте өткен әлем чемпионатында Нұрбек Оралбай финалда Қытайда тұратын этностық қазақ боксшысы Тоқтарбек Таңатқанды жеңген. Бірақ араға бес айдай уақыт салып Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен жазғы Азия ойындарында Тоқтарбек Нұрбектен басым түсті.

Айбек Оралбай 90 кг салмақта додаға қосылады. Бұл екі боксшы – егіз. Қазақстанның боксшылары жазғы Олимпиада ойындарына 1996 жылдан бері тұрақты қатысып келеді, осы уақытқа дейін екі жазғы Олимпиада ойындарына қосылды. Бірақ егіз боксшылар біздің елден барған емес. Айбек те, Нұрбек те жазғы Олимпиада ойындарында алғаш бағын сынайды.

Ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов егіздердің жеңіске деген жігері жоғары екенін, тынымсыз тер төгіп әзірлік өткеретінін айтқан. Жеңіс жолында қандай қарсылыққа тап болса да сынып кетпейтін мықтылығын өзгелерге үлгі ететінін жеткізген еді. Демек егіздердің ел намысы үшін әлемдік аренада жасын ойнататын шағы жақын. Олимпиада ойындарына елімізден бір үйдің екі ұлы баратыны шетелдік ақпарат құралдарында да аз жазылған жоқ.

Әйелдер боксынан Валентина Хальзова 75 кг салмақта сайысқа шығады. Астаналық жанкүйерлер де ерекше тақым қысып, жерлестеріне болысатыны анық. Спорттық құзға өрмелеуден Әмір Маймұратов Париж жазғы Олимпиадасының медалі үшін жылдамдыққа жарысады. Астаналық спортшы төрт жылдық додасының жолдамасын Венгрияда өткен лицензиялық турнирде еншіледі.

Бессайыстан Париж жазғы Олимпиада ойындарына астаналық Елена Потапенко да қатысады. Ол лицензияны былтыр Қытайда өткен жазғы Азия ойындарында олжалады. 2021 жылы Токио жазғы Олимпиада ойындарына Еленаның да жолы түскенімен, 32 спортшының арасында 13-орынды місе тұтты.

Үстел теннисінен Кирилл Герасименко Париж Олимпиясында Астанадан қатысады. Қазақстан біріншілігінде бірнеше рет топ жарған, халықаралық турнирлерде олжа салып жүрген Кирилл Герасименко Германияның «Вердер» клубының мүшесі. Биылғы ақпан айында Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында өткен әлем чемпионатында біздің спортшылар жоғары нәтиже көрсеткен еді.

Теннистен әйелдер арасында Елена Рыбакина, Юлия Путинцева Олимпиада жүлдесі үшін кортқа шығады. Әйелдер теннисі ассоциациясының (WTA) әлемдік рейтингінде бестіктен көрініп жүрген Елена Рыбакина – Париж жазғы Олимпиясының чемпионы атанады деп үміт артар саңлақтың бірі. Ерлер додасында Александр Бублик төрт жылдық додасына қосылады. Жүзуден Әділбек Мусин 100 метрге баттерфляй және еркін түрі бойынша сынға түседі.

Астана қаласы спортшылары мен жаттықтырушыларының тыңғылықты әзірлік жүргізуіне жағдай жасалған. Барлық спортшы спорттық киім, тіпті фармакологиямен қамтылған. Спортшылар өздерінің денсаулық жағдайы ғана емес, функционалдық жай-күйі мен физикалық қабілеттерінің көрсеткіштерін бақылауда жан-жақты ақпарат алуы үшін уақытылы медициналық тексерулер мен зерттеулерден өтеді.

Елорданың саңлақтары жазғы Олимпиада ойындарынан олжасыз қайтқан емес. 2016 жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен жазғы бокстан Данияр Елеусінов 69 кг салмақта Олимпиада чемпионы атанды.

2008 Қытайдың Бейжің қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарында «дзюдо күресіне Асхат Жіткеев 100 кг салмақта күміс жүлде олжалады. Финалда моңғол балуаны Тувшинбаяр Найданға есе жіберді.

Әйелдер күресінен Гюзель Манюрованың да табысы толайым. Талай байрақты додаларға қосылған балуан жазғы Олимпиада ойындарында бірнеше мәрте жүлдегер атанды. 2012 жылы Англияның Лондон қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарында қола, 2016 жылғы Рио жазғы Олимпиада ойындарының финалдық белдесуінде канадалық Эрика Уйбеге есе жіберіп, күміс медальді місе тұтты.

Елорданың абыройын асқақтататын спортшылардың осындай даңқпен өрілген жеңісті жүлдесін Париж төрінде де біз есімдерін атаған саңлақтар жалғайды деп сенеміз.

## Дүние дидарын аударған дода

Биыл Астана қаласында бірнеше ірі дода өтті. Қаңтар айында Әмин Тұяқовтың жүлдесіне арналған «Astana Indoor Meet» халықаралық турнирге 45 елден 136 атлет қатысты. Әлемнің 80-ге тарта еліне тікелей эфирден көрсетілді.

«World Indoor Tour Gold» лигасының турнирі тек Бостон, Нью-Йорк, Мадрид, Льевен, Торун, Острава, Астана сынды жеті қалада ғана өтеді.

Мамырда дзюдодан «Qazaqstan Barysy Grand Slam» турнирі өтті. Әлемнің 60-тан аса елінен келген балуандар рейтингтік ұпай үшін белдесуде барын салды.

Әйелдер арасында Ғалия Тынбаева 48 кг салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Ерлер додасында Елдос Сметов 60 кг-да, Бақытжан Әбдірахманов 73 кг-да, Абылайхан Жұбаназар 81 кг салмақта халықаралық турнирдің қола медалін қанағат тұтты.

## Көшпелілер ойындары әлем назарында

Қыркүйек айында Астанада Дүниежүзілік көшпелілер ойындары өтеді. Бесінші мәрте ұйымдастырылатын дүбірлі дода бұған дейін Қырғызстанда үш рет, Түркияда бір мәрте ұйымдастырылды. Биыл байрақты доданы Астана қаласы қабылдайды. Этностық спорт түрлері бойынша өтетін Дүниежүзілік көшпелілер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген. Алғаш рет 2014 жылы Қырғызстанның Шолпан Ата қаласында ұйымдастырылған Дүниежүзілік көшпелілер ойындарына 19 елден 583 спортшы қатысып, 10 спорт түрінен додаға қосылды.

1 200 қатысушы 26 спорт түрінен сынға түсті. 2018 жылы 82 елден 2 000 спортшы қосылса, 2022 жылы Түркияның Изник қаласында өткен додаға 102 мемлекеттен 3 000 спортшы келді. Астанада өтетін аламанға 100-ден аса елден 3 000-ға тарта спортшы келеді деп жоспарланып отыр.

## Жарыс күнделігі

2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасындағы бокстан «Qazaq Arlany» by M.Toitov бокс клубының ашық республикалық турнирі өтті. Республикалық турнирді ұйымдастырудағы мақсат – боксшылардың спорттық шеберлігін және дәрежесін арттыру мен жасөспірімдер арасында саламатты өмір салтын насихаттау.

Астана күніне арналған тірек-қимыл аппараты зақымданған адамдар арасында пауэрлифтингтен елорда кубогі жалауын желбіретті. Мереке қарсаңында өткен додада тірек-қимыл аппараты зақымданған азаматтар күшін сынады. Паралимпиадалық жаттығу орталығында өткен сайыстың маңызы зор. Мүгедектігі бар адамдар арасында саламатты өмір салтын қалыптастырып, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік, психологиялық және физикалық оңалтудың маңызды факторы денешынықтыру мен спорт екені насихатталды.

Байқоңыр ауданының тұрғындары арасында волейболдан турнир ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы аясында бұқаралық спортты дамыту, волейбол ойынын насихаттау және деңгейін көтеру мақсатында өткен сайысқа қатысушылар «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы», «Үздік үйлестіруші» аталым бойынша марапатталып, бағалы сыйлықтар алды.

Асық атудан «Астана сақасы» ашық турниріне қатысушылар (ерлер, әйелдер) ұлттық ойынымызды дәріптеп, өскелең ұрпаққа мергендік ойынның қыр-сырын көрсетті. Турнирдің жеңімпаздары Астана қаласының командасына мүшелікке қабылданды.

Қала әкімдігінің қолдауымен Астана күніне орай «Жасай бер, жайна, Астанам!» бұқаралық велошеруі ұйымдастырылды. Велосипедшілер Қосшыға қарай жол бойындағы айналма веложолда 25 шақырым қашықтықты жүріп өтті.

Астана күні ат спортынан (конкурс) қалалық ашық турнирі «Арғымақ» атспорттық сауықтыру кешенінде өтті. Жүлде қоры 12 млн теңге болған тартысты бәсеке Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елордадағы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясы ұйымдастырды. Сонымен қатар, Астана қаласы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясы бәйге түрлерінен «Елорда кубогі» республикалық турнирін өткізді. Еліміздің барлық облысы мен қалаларынан таңдаулы жүйріктер Астана маңындағы «Астана-Талапкер» тасжолындағы атшабарда бақ сынады. 7 шақырымдық құнан бәйгесінде астаналық шабандоз Арнат Мұратхан мінген «Найза» атты жүйрік қара үзіп келсе, жорға жарысында Абай облысынан ат қосқан қырғыз атбегісі Дастан Алыбакасовтың Аққауыны алдымен жетті. Топ бәйгеде де Арнат Мұратхан Шайкүреңді тақымдап жүзден жүйрік шықты. Көпшіліктің қиқуға қиқу қосып күткен аламан бәйгесінде Қарағанды облысының шабандозы Арыс Жанаров мінген Көкшақай алдына қара түсірмей дара келді.

**Материал egemen.kz. сайтынан алынды.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

# ИНФАРКТ БОЛМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

**АРТЕРИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ – ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН КӨРСЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ БІРІ. АРТЕРИЯЛЫҚ ҚЫСЫМДЫ ӨЛШЕУ ҮШІН ТОНОМЕТР КЕРЕК. ҚАЛЫПТЫ АРТЕРИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ - 110/70-ТЕН 130/85-КЕ ДЕЙІНГІ КӨРСЕТКІШ.**

Бұдан жоғары көрсеткіш жоғары артериялық қысым болып саналады. Жоғары қысым қан тамырлардың бұзылуына, инфаркт, инсульт, атеросклероз секілді аурулар қаупін арттырады.

Қан қысымының жоғары екенін білдіретін белгілер:

– *Бас ауыру;*
– *Мұрыннан қан кету;*
– *Жүрек қағысының бұзылуы;*
– *Көздің көруі нашарласа;*
– *Құлақтың шуылдауы;*
– *Құсу, жүрек айну;*
– *Шаршау;*
– *Кеудеге ауырлық түсу;*
– *Абыржу, көңіл-күйдің болмауы.*

***Холестерин***

Холестерин немесе холестерол – бұл май тәрізді спирт, ол ағза жасушаларында болады және зат алмасуға қатысады. Оның артық болуы атеросклероз дамуымен қауіпті. Бұл ауру миокарда инфарктіне әкеледі.



Холестериннің жоғары екенін көрсететін белгілер:

– *Бас ауыру;*
– *Аяқтың ауыруы;*
– *Терідегі дақтар.*

Бұл белгілерді байқаған бойда дәрігерге қаралу керек. Холестерин деңгейін қан анализін тапсыру арқылы білуге болады. Холестерині жоғары адамдар бұл проблема жайлы жылдар бойы білмеуі мүмкін. Сондықтан жүйелі түрде дәрігерге қаралып тұрған дұрыс.

***Қандағы қант деңгейі***

Қандағы қанттың жоғары деңгейі қан тамырларын зақымдайды, бұл адам денсаулығына теріс әсер етеді. Адам қант диабеті, инсульт, деменция, қан-жүрек ауруларына шалдығуы мүмкін. Оны үйде глюкометр арқылы тексеруге болады.

Қандағы жоғары қант деңгейінің белгілері:

– *Дәретке жиі бару;*
– *Шөлдеу;*
– *Аяқасты әлсіреу;*
– *Қарын ашу;*
– *Көрудің нашарлауы;*
– *Невропатия.*

ДЕГЕН ЕКЕН

## ИТ МҰРЫН

Чюугоку аймағында бір балаға зар ерлі-зайыпты болыпты. Әйтеуір Құдай тілегін қабыл қылып, айы-күні жетіп әйел ұл тауыпты. Есі шығып қуанған ата-ана баласының бетіне жел тигізбей, мәпелеп күтіп бағады. Бір айыбы әлгі бала мұрынсыз екен. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген ұлы ер жеткенде әке-шешесі қыз айттырудың қамына кіріседі. Қанша іздеп сабылса да лайық қыз табылмапты. Бойжеткеннің бәрі бұның мұрнына бола менсінбейді екен. Байқұс ата-ананың салы суға кетіп отырғанда ауылдас туысы келіп былай депті:

– Осыдан балаңа әйел әпермесем туыс болмай кетейін. Ертең көрші ауылдың қызын айттыруға барамыз.

Әлгі адам жігітке қолдан мұрын жасап, жабыстырады да қызды айттыруға барады. Епті туыс бойжеткеннің әке-шешесінен рұқсатын алған соң той күнін белгілеп, құдалыққа келісіп қайтқан екен.

Сонымен, құда-жекжат, туыс-туған жиналып, думанды той басталып кетеді. Ел сабасаба сакэ ішіп, қызып отырғанда қыздың жағынан бір кісі күйеу жігітке «сакэ іш» деп мазасын алыпты. Іштей «мінімді біліп қоймаса екен» деп қипақтап отырған күйеу «ішпеймін» десе де қоймайды. Әлгі адам «Күйеу бала, алып қой, алып қой» деп сакэні жігіттің аузына апара бергенде тостаған жасанды мұрынға тиіп кетіп, танау түсіп қалған екен дейді. Күйеудің мұрынсыз қалғанын көргенде дауылдасып отырған жұрт тым-тырыс боп, тына қалыпты. Сонда күйеу жігіт былай деген екен:

Таудың көркі – арша, шырша, жиде жеміс, итмұрын,
Дәурен әнін, ердің сәнін кетірді-ау ит мұрын.
Қалыңдық та өлеңдете жөнеліпті:
Шаш жетпейді санасаңыз қалың Синто храмына,
Маңайы ну, көлі – аққу, жұпар ғой оның құрағы да.
Сөйтсе қалыңдық таз екен дейді.

## БОТА МЕН БАҚА

Баяғы заманда қытымыр енесі мен ақылды келіні болыпты. Бір күні кешке таман екеуі «ботамочи» пісіріпті. Кешкі тамақтан қалған ботамочидің бір бөлігін келіні кебежеге салуға оқталғанда, кемпір қызғанып кетіп: «Әкел, өзім саламын», – дейді. Сөйтіп күлшелерді шүберекке орап жатып: «Осыдан келінім түнде тұрып сені жейтін болса, аузына ала бергенде бақаға айнал», – деп бірнеше мәрте қайталапты. Бұл сөзді келіні естіп тұрады.

Келін таң алакеуімде бәрінен бұрын тұрып, кебежедегі ботамочиді түгел жепті де, орнына даладан бақа әкеліп салып қойыпты. Ұйқысы қанып оянған кемпір келінінен бастап отбасы мүшелерін түгел егістікке «шаруаларыңды істеңдер» деп қуып жібереді де ботамочиді өзі жалғыз жемек болып кебежені ашқанда құрылдап бақа шыға келеді. Ала бақаны көргенде зәресі ұшқан кемпір:

Ботасың ба, бақасың ба?
Келінім жақта көлшік бар,
Баратын болсаң соған бар, – деген екен.

***Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.***

ӨНЕР

## «МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары



Айсара ӘЛИХАН



Азиза АЛМАСҚЫЗЫ



Ажар ТҰРСЫНБАЙ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

**Редакция мекенжайы:** 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 755
Индекс 15534